



ТҮЙТКІЛ

Қазір адамзат баласының ақыл-ойы, қиялы, зияткерлік мүмкіндігі қарыштаған заман. Біз ақылды қоғамда өмір сүріп жатқан бақытты жандармыз. Бірақ екіншіше қарай, кейде қоғамнан мейірім мен адамгершілік күтетіміз рас. Дәл қазір жер шарының түпкір-түпкірінде мыңдаған, тіпті миллиондаған сәби саяси ойындардың құрбанына айналды. Ал бізде бүлдіршіндердің бәрі шат-шадыман ба?

Егер қарапайым қисынға салсақ, азат елдің әрбір сәбін шаттық күлкісімен көмкеріліп, уайым-қайғысыз өскені — ел ертені үшін берері мол берекелі іс. Өкінішке қарай, бізде де біраз балақай өмір есігін ашар-ашпастан тағдыр тәлкегімен күресіп өседі. Оны біздер, яғни үлкендер кейде байқасақта, байқамаған кейіп танытамыз. Мәселен, Алматы облысындағы Жауғашты ауылында орналасқан ЛА-155/4 әйелдер түрмесінің қасындағы балалар үйінде 33 сәби бар. Олар — тағдырдың жазуымен сол абақтының аумағында дүниесігін ашқандар. Анасы — жазасын өтеуші. Ал бүлдіршін ше? Қазір бұл азаматтарға қатысты шешім шыққан жоқ. Яғни анасы жазасын өтеп жатыр, ал баласы себепсіз түрмеде. Біз кем дегенде

БАЛА ҚЫЛМЫСКЕР

БОП ТУМАЙДЫ

елдің 33 азаматының құқығын бұзып отырмыз.

Статистика бойынша, қазір Қазақстанда түрмеде отырған 36 мың тұтқынның 6,5-7 пайызға жуығын — әйелдер, шамамен 3 пайызын — көмелетке толмағандар құрайды. Біздің түрме әйел мен балалардың қажеттілігін ескермей салынған. Тіпті Жауғашты түрмесінде 3 жасқа толмаған балаларды қарайтын дәрігер жетіспейтіндігі белгілі. Мұндағы балалар үйі ескі ғимаратта орналасқан. Жылуы мен су құбыры әбден тозыпты.

Зан тұрғысынан алатын болсақ, басқа амал жоқ сияқты боп көрінеді. Бірақ өмір есігін ашпай жатып, бостандығы шектелген тәуелсіз елдің азаматы — балдырғанның жазығы не? Расын айтқанда, олар Тәуелсіз елде өмір сүріп жатса да, ертенгі күні азаттық,

тәуелсіздік, бостандық жайлы түсінуі мүмкін бе? Жазасын өтеушілермен бірге тұрып жатқан жазықсыз бейбақтар ертенгі күні қылмыс әлемінің шырмауына шырмалып қалмасына кім кепіл?

Қазақстан — адам құқын қорғау бойынша әлемдік көптеген құжаттарға қол қойған, демократиялық құндылықтарды жоғары бағалайтын жас мемлекет. Мәселен, Тәуелсіздік алған жылдан бері 60-қа жуық адам құқын қорғайтын халықаралық құжаттарға ратификацияласақ, соның 15-ке жуығы тікелей балалар құқығын қорғауға арналған.

Бірақ біз өз заңдарымыздың негізінде осы жазықсыз сәбидің тағдырын қара түнектен арашалап қалуға толық мүмкіндігімізді пайдалана алмай отырмыз. Сондықтан да жазасын өтеуші аналардың сәбиін түрме аумағынан оқшаулаудың

зандық негізін қарастыруымыз қажет. Немесе нәрестелі әйелдерді баласы 5 жасқа толғанша жаза тағайындамау жөнінде бір шешімге келуіміз керек. Себебі бала ерекше құқыққа ие. Сондықтан, біз оларды ерекше қорғауымыз және әрбір баланың жақсы өмір сүруі үшін барлық мүмкіндікті жасауымыз қажет.

Зағипа БАЛИЕВА,
Қазақстанның
балалар құқығы
жөніндегі уәкілі,
Мәжіліс депутаты



2

ҚАРЫЗ АЛУ
ҚАШАН
ТҮЙІЛАДЫ?

ТҰҢҒЫШ
ОЛИМПИАДА
ЧЕМПИОНЫ
СЫРТТА ҚАЛА
МА?

5

ТЕКІЛЕРДЕН
АЙЫРЫЛДЫҚ

8-9

ШӨГЕН ДЕ
БІЗДІҢ ОЙЫН

11

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

БОРТТАҒЫ ОЙЫН-САУЫҚ
ӨЗ ҚОЛЫҢЫЗДА

KCTV Stream тегін ұсынысын пайдаланып, өзіңіздің дербес жүйеңіз арқылы фильмдер коллекциясына, теледидар бағдарламаларына және басқа пайдалы ақпаратқа қол жеткізіңіз.

airastana.com


air astana

15 жыл
ТАЗА ҰШУ

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

— Газдан бұрын
кезек сатып ал
— 1000
тенге

— Газ бар ма?
— Қанша?



(Газ бекетіндегі әңгіменің жалғасы 3-бетте)

SARAP

Кеше кәрі құрлықта НАТО Саммиті өтті. ОРЕС-ке мүше мемлекеттер мен оған кірмейтін елдердің өкілдері Венада бас қосты. Бұл, бейнелеп айтқанда, әлемдегі Трамп пен араб «аптасының» аяқталғанын білдіреді.

Американ президенті күтпеген шешіммен көпшілікті таңқалдырып жүр. Әдетте Ақ үй қожайыны әуелі көршілес Канада не Мексикаға баратын. Тек Дж. Картер ғана бұлжымас ережені бұзған деседі. Д.Трамп бір жеті бұрын

ядролық бағдарламасы түтігін түбінде атом қаруын жасауға әкеледі деп сескенеді. Ақ үйдің қожайыны мәлімдемемен шектелмеді. Барак Обаманың табансыздығын дәлелдегісі келсе керек, өткен сәуірде Сирия үкіметінің әскери базасын «Томагавк» зымырандарымен төмпештеді. Күтпеген соққы шийттерге жақын әлауи ағымына жататын Башар Асад пен оның одақтастарын есептіретіп тастады.

Міне, осыдан кейін Американың Шығанақтағы айнымас одақтасы болып табылатын сүннит арабтарда үміт пайда болды. Израиль де батыл әрекетке көшіп, Сирия президентін қолдайтын «Хизбулла» қарулы тобының шийттеріне бомба жаудырды. Ал Сауд Арабиясы АҚШ-қа миллиардтаған долларлық

17 млрд доллардың құнды қағазын сатты. Былтыр әлемдік алпауыттардың белортасында тұрған Saudi Aramco компаниясына тиесілі акциялардың бір бөлігі сатылатыны жөнінде әңгіме шықты. Қаржы мәселесі мүшкіл кезде американдықтардан әлгіндей сомаға қару-жарақ сатып алуын қисынсыз көруі де мүмкін. Өйткені, онсыз да қару-жараққа кенде емес. Осы сапарда әкесіне еріп жүрген Иванка Трамптың кәсіпкер әйелдерді қолдайтын қорына Сауд Арабиясы мен Біріккен Араб Әмірліктерінің 100 млн доллар бағыштауы осы пікірді қуаттай түскендей. Бірақ араб дүниесі қазіргі АҚШ билігі «алмақтың салмағы бар» деген қағиданы ұмытпайды деп сенеді. Онысы бекер емес. Ақпарат құралдары Lockheed Martin, Blackstone,

эртараптандыруды (*диверсификация*) қолға алуы, қаржысы мол Қытаймен өзара тиімді байланысты жолға қоюға ұмтылуы да содан. Саудиялықтар 13 млрд долларға Индонезия мен Малайзиядағы мұнай өңдеу зауыттарының акциясын сатып алды. Осы кәсіпорындарға өз мұнайын жөнелтіп, дайын өнім өндіруге қол жеткізбекші.

Бүгінгі жаһандану тұсында бір ел, тіпті бір одақтың шеңберінде қалып қоймау – өміршен мәселе. Елбасының Әр Риялда өткен кездесуге қатысып, Трамппен жүздесуі еліміздің көп қырлы саясатқа берік екеніне тағы бір айқын дәлел. Ал араб мемлекеттері мұны енді қолға алып жатыр. Қазақстан Тәуелсіздік алған күннен бастап осы ұстанымнан айыныған емес. Біреудің жетегінде кетпей, өшіккенді елдестіріп, бітімге



Сауд Арабиясына барды. Әр Риядка жиналған мұсылман мемлекеттердің басшыларымен жүздесті. Ланкестікке қарсы бір қолдан жең, бір жағадан бас шығарып күресуге шақырды. Таяу Шығыстағы тұрақсыздық үшін кінәні Иранға артты.

Мұндай қадам АҚШ-тың осы аймақтағы саясатында күрт бетбұрыстың басталғанын білдіреді. Өйткені, Барак Обама сүннит арабтарға оң қабақ таныта қойған жоқ. Керісінше, олардың аймақтағы басты бәсекелесі - шийттер басым Иранға көбірек мән берді. Мұнай бағасына ықпал еткен санкцияны алып тастап, Тегеранның ядролық бағдарламасы бойынша мәмілеге келді. Обаманың Ирак пен Сириядағы солқылдақ саясаты ДАИШ-тің күшеюіне, қисапсыз қырғынға әкеп соқты.

Трамп президент атанған соң Иранды айыптай бастады. Әсіресе, Обаманы мензеп, ядролық бағдарма бойынша жасалған келісімді

ТРАМП. АРАБ АПТАСЫ

келісімді ұсынды. Ұлықтау рәсімінде America first and only America first (*«Ең әуелі Америка, тек қана Америка бірінші!»*) деген сөзмен есте қалған Трамптың мұндай ғажайып «сыйлықтан» бас тартпасы хақ. Әңгіме, Сауд мемлекетінің АҚШ-тан 110 млрд долларға қару-жарақ пен әскери жабдық сатып алуы жөнінде. Бара-бара оның көлемі 350 миллиардқа дейін өсуі ықтимал. Келісім-шарт іске асып жатса, президенттің отандықты өндірісті жандандырып, американдықтарға көбірек жұмыс тауып берем деген уәдесінің орындалғаны.

Сарапшылар ірі кәсіпкер Трамптың ендігі жерде ғаламдық саясатқа бизнестің көзімен қарайтынын алға тартады. Оған дейінгі республикашылдар да «қара алтын», әскери өнеркәсіп, инфрақұрылым сияқты американ компанияларына мейлінше тиімді жобаларды іске асыруда Шығанақ мемлекеттеріне басымдық бергені мәлім. 1973 жылғы мұнай дағдарысынан кейін арабтар Американың алдын кескен емес. Керісінше, әлемдегі геосаяси текетірісте Вашингтонның мүддесіне сай әрекет етті. 1985 жылы өндіріс көлемін күрт өсіргенде, мұнай бағасын құлдырап кетті. Бұл өз кезегінде Американың бақталасы Кеңес Одағының қирауына ықпал етті. Сауд Арабиясы бертіңгі дағдарыс басталған кезде де әлемдік базарға жөнелтілетін шикі қара май мөлшерін кеміткен жоқ. Мамандар Ресеймен өндірісті азайту жөнінде мәмілеге баруы Американың құбылмалы саясатынан көңілі қалғандықтан деген пікірде. Оның үстіне, арзан мұнайдан қазынаның бүйірі сола бастады. Кейбір деректерге жүгінесек, бюджет тапшылығы 87 млрд долларға жетті. Биылдың өзінде ел үкіметі

Dow Chemical, General Elektrik, Raytheon және General Dynamic секілді компаниялар бұл елде құны миллиардтаған долларға жететін жобаларды іске асырмақшы. Бұған қоса, Schlumberger, Halliburton, Baker Hughes, Weatherford, Oilwell Varco, Jacobs Engineering сияқты фирмалар құм астындағы жаңа мұнай кеніштерін



таппақшы. Қол қойылған келісім он мың адамға жұмыс тауып беруді көздейді. Мұндай үрдіс қаржысы дағдарысынан енді ес жия бастаған, инвестицияға мұқтаж Еуропаға ұнай қойған жоқ. Көрі құрлықтағы хабар-ошар құралдарының Трамп сапарына тиым салқын қарауы соның айғағы болса керек.

«Қара алтынның» қадірі қашып, қаржы табу, сырттан инвестиция тарту қиындаған мына заманда онтайлы жол табу оңай емес. Шығанақ елдеріне соңғы дағдарыс ауыр тиді. Шұғыл түрде Шығысқа бет бұрып, экономиканы

келтіру қабілеті Ресей, Түркия, Иран және Сирия өкілдерінің қатысуымен өткен Астана процесінде жан-жақтан жоғары бағаланды.

Дубайға жиі баратындарға жағымды жаңалық. Енді жерлестеріміз Біріккен Араб Әмірліктерінде 30 күн бойы визасыз жүре алады. Мұндай жеңілдік осы елге бизнес жүргізудің ағылшын правосы (English law) жүйесін әкелген Ұлыбритания азаматтарына берілген. Астана мен Әбу Даби арасындағы байланыс, ресми тілмен айтқанда, қарқынмен дамып келеді. Бұл жетіде Елбасы Әмірліктердің сыртқы істер министрі Абдалла бин Заид Әл Наһаянды қабылдап, биылғы жыл екі ел арасындағы ынтымақтастыққа жаңа кезеңнің басталуымен ерекшеленетінін атап өтті. Араб министрінің сапары барысында виза жеңілдігі мен елімізде полиетилен шығаруды көздейтін бірлескен жоба пысықталды. Инвестиция келіп жатса, кәсіпорын Атыраудағы өңіріндегі мұнай-химия аумағында бой көтеругі мүмкін. Астанада әлгі ағылшын правосына сүйеніп қызмет ететін халықаралық қаржы орталығын құру барысында Дубайдағы осы тақылтеттес құрылымның тәжірибесі ескерілгенін газетімізде жазғанбыз.

Бет қатталып жатқанда Венадағы ОРЕС мәжілісінде мұнай өндірісі көлемін азайту мерзімін 9 айға узарту жөнінде шешім қабылданғаны мәлім болды. Бұл «қара алтын» бағасы қалыпты деңгейде қалады деген сөз.

Срайыл СМАЙЫЛ,

шолушы



АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

28

млн теңге. Көкшетауда бес ай бұрын осынша ақшаға жөңделген саяжол қирағалы тұр

386

мың. Қарызы бар азаматтар шетелге шыға алмайды

6

мың түлек «Алтын белгіге» үміткер

Жексенбай ДҮЙСЕБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

– Самұрық-Қазына» қорының 10 трлн теңгеге жуық қарызы бар. Бұл әрі қарай көбейе бере ме, әлде оның бір шегі бола ма? Осы алынған қарыз қандай бағытқа жұмсалды? Одан нәтиже бар ма? Тағы да қарыз алу жоспарда бар ма? Әлде осымен шектелесіздер ме?

Сауалы

Аптаның

Жауабы

Өмірзақ ШӨКЕЕВ,
«Самұрық-Қазына»ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы:

– Жалпы, үлкен компаниялар қарызсыз жұмыс істемейді. Өйткені тиімсіз. Қарыз болуы керек. Бірақ белгілі бір шегі болуы қажет. Директорлар кеңесі нақты нормативті өзі белгілейді. Қарыз көлемі соның шеңберінде болса, ол қауіпсіз. Біз қазір қауіпсіз жағдайда жұмыс істеп жатырмыз. Бірақ шектен асқан компаниялар бар. Кейбір банкке де пайда табу керек. Жақсы клиент болса, оны созуға өздері мүдделі. Жақында Қытайға барып келдік. 3 млрд долларды Қытай даму банкі біздің компанияға ешқандай кепілдіксіз беруге әзір. Осындай қарызды неге алмасқа?



7 сөз

Маңғыстауда пысық атқа мінер параны уылдырықпен алыпты

SOS!

Меруерт ҚАЗЫБЕКОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Бізде «Метадонды» өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмек тізіміне кіргізбекші. Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан бұдан бас тартқан»



Асқар МЫРЗАХМЕТОВ,
Премьер-Министрдің орынбасары, ауыл шаруашылығы министрі:

«Екі апталық вахталық методпен 24 сағат бойы киікті күзету жолға қойылған»



АНТИТЕЗА



Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі:

«Атырауда шекарашылар киіктің 108 мүйізін Ресейге алып бара жатқан екі азаматты қолға түсірді»



Әңгіменің ашығы

Данияр АҚЫШЕВ,
Ұлттық Банк
төрағасы:

«Әзірбайжан банкiне қатысты әңгіме 2015 жылы басталды. 2016 жылдан бастап Ұлттық банк Әзірбайжан үкіметіне, Әзірбайжан



банкiне талап қоя бастады. Бірақ олар мерзімінен бұрын қарызды қайтаруға келіспеді. Мәміленің мән-жайына қатысты көп сұрақ жауапсыз қалып отыр. Ұлттық банк істі құқық



қорғау мекемелеріне тапсырады. Зейнетақы активтерін инвестициялау туралы шешімді БЖЗҚ емес, сол кездегі Ұлттық банк қызметкерлері қабылдады»

Кикілжің

«Аңғармай сөйлеген ауырмай өледі» – деуші ме еді. «Халықаралық

бағдарламалар орталығының» басшысы Жанболат Мелдешов қарамағындағы қызметкерлерге қарата айтқан сөзі үшін опық жеп отыр. Орталықтағы қызметкерлерге жиналыс ашып, «болашақтықтарды» қойға теңеген екен, әлгі жазбаны компьютердің тілін білетін біреулер алыпты да ғаламторға жүктеп жіберіпті. «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» интернет аясын ба, Ж.Мелдешовты бір ауыз сөзі үшін жауапқа тартып отыр.

«Болашақтықтардың» жетекшісі өз сөзінен танбапты. Мен айттым, «өз сөзім өзімдікі» — деп отырған көрінеді. Журналистерге берген

сұхбатында «Шетелдер мен бірқатар университеттер үшін білім беру бизнеске айналған. Олар ақша үшін кімді болсын, оқуға



«БОЛАШАҚТАН» ДАУ ШЫҚТЫ

қабылдауға дайын. Үш ай өткен соң оқудан шығарып жібереді. Әңгіме «Болашақ» бағдарламасы бойынша үміткерлерге талапты күшейту жайында өрбіді. Жиналыс тек осы мәселеге арналған еді. Қызбалыққа салындым», — деп мән-жайды түсіндірген.

Оның сөзіне қарағанда, жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің барлығы бірдей жаңа біліктілік талабына сай емес. Олар не ағылшын, не қазақ тілін еркін меңгермеді. Сондықтан өз еркімен жұмыстан кеткен.

Бір қызығы, Ж.Мелдешовтың үстінен жазылған арыздағы 25 қызметкердің қолы жалған болып шықты. Олардың кейбірі, тіпті қазір бұл орталықта жұмыс істемейді. Кейбірі шетелде жүр. Қысқасы, оның үстінен жазылған «домалақ» арызға оншақты адам қол қоймағанын ашық айтып отыр. Істің-қарасы алдағы уақыттың еншісінде. «Тексеру нәтижесі анықталғанша «Болашақ» жетекшісі қызметтен уақытша шеттетілді.

Жарас
КЕМЕЛЖАН

Қылмыс

Параның аты – пара. Заңсыз ақша алсаң, жауап бересің. Астанада инвестиция және даму министрлігіне «кәсіби өскерилендірілген апаттық-құтқару қызметінің» бас директоры Болат Халық 70 мың доллар көлемінде пара алып жатқан жерінде қолға түскен. Бұл туралы мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл істері жөніндегі агенттіктің баспасөз қызметі хабарлады. Күдікті атқарылған жұмыстың құжатына қол қойып бергені үшін мердігер ұйымдардан ақша талап етіпті. Қазір Б.Халық мемлекеттің

300 МЫҢ ДОЛЛАР, 6 МЛН ТЕҢГЕ



қаражатын ірі көлемде жымқырды деген күдікпен қамауға алынды. Ол бұл ісін бас есепші Қарақоз Медебаевамен және кәсіпорынның Атыраудағы бөлімшесінің жетекшісі Теміржан Махмұтовпен бірге жасаған.

Күдікті Б.Халықтың үйін тінту кезінде 300 мың доллар мен 6 миллион теңге тәркіленген. Қазір күдікті құрықталып, уақытша қамау изоляторына тоғытылды. Сотқа дейінгі тергеу жүріп жатыр.

Таным

Көпұлтты еліміздің негізгі байлығын сүттей ұйыған жүзден астам ұлт өкілі құрайды. Соның ішінде славян халқымен болған достық және ымыраластығымыздың тарихы тереңде. Сондықтан да ғасырлар бойғы жарасымды

саяси жұмыс комитеті» тарапынан ұйымдастырылатын іс-шара. Мысалы, Астанада 23 мамырда «Түркі-славян байланысындағы тіл және әдебиет: қазіргі заманнан көзқарас» атты тақырыпта үлкен халықаралық ғылыми конференция өтті. Мұндай ғылыми жиындарды мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘЛЕМІНДЕГІ СЛАВЯН МӘДЕНИЕТІ



Республикасындағы тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны, одан кейін Қазақстан Халқы ассамблеясының мақсаттарын жүзеге асыру үшін өткізеді. Славян жазбасы мен мәдениеті күндері мемлекеттік орган тарапынан он жылдан астам ресми түрде әр түрлі ғылыми конференциялар, дөңгелек үстел, форум түрінде аталып келеді. Биыл осы бастаманың жұмысына — 11 жыл болыпты. Бұдан бұрын біздің елімізде бұл мереке жоғары оқу орындарында (ЖОО) филология факультеттерінде 1989 жылдан бері өтіп келеді. Сонымен қатар мамыр айында «Түркі жазбасының күні»

тірлік пен тұтастықтың жарқын көрінісін паш ететін «Славян жазбалары мен мәдениеті» күндерін атап өту елімізде дәстүрлі шараға айналған. Осыған орай, филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті Майнұр Бөрібаевамен сұхбаттасқан болатынбыз.

Жас қазақ: Еліміздің этно-мәдени кеңістігіндегі славян тілдерінің манызы туралы айтсаңыз?

Майнұр Бөрібаева: Негізгі, әлемдік лингвистикада түркі және славян әлемін зерттейтін Turco-Slavica бағыты қалыптасқан. Түркі және славян тілдері мен мәдениеті бір-бірімен өте тығыз байланыста. Еуразия кеңістігінде түркі және славян халықтары бір-бірінің өмір сүруі мүмкін емес, солай тарихи қалыптасты. Ал мұндай қарым-қатынастар тілде белгілі із қалдырады. Мысалы, біз славян тілдерінде көптеген түркі сөздерді, ал түркі тілдерінде көптеген славян сөздерін кездестіре аламыз. Бұл осы екі мәдениеттің ғасырлар бойы бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болғандығының көрінісі. Өйткені, сан ғасырлық тарихқа ие Ұлы Жібек Жолының Еуропаға дейін барғанынан хабардармыз. Ал осы аралықта қаншама мәдениет бір-бірімен тоғысты десеніңізші! Түркі сөздері деп бүкіл түркі тілдерінен басқа тілдерге кірген сөздерді айтамыз. Оның куәсі ретінде көне жазба ескерткіштерді айтуға болады. Мен өзімнің ғылымдағы жолымда үзбей зерттеп келе жатқан тақырыбым — XI–XVII ғасырлардағы көне орыс жазба ескерткіштеріндегі түркі сөздері және олардың (сөздердің) XX ғасырға дейінгі тағдыры.

Жас қазақ: Елімізде жыл сайын «Славян жазбалары мен мәдениеті» күндері дәстүрлі түрде аталып өтеді. Осы игі бастаманың мәнін ашып берсеңіз.

Майнұр Бөрібаева: Елімізде жыл сайын мамыр айында славян жазбалары мен мәдениет күні аталып өтеді. Бұл шара мәдениет және спорт министрлігінің «Тілдерді дамыту және қоғамдық-

де өтеді. Бұл мереке 2014 жылдан бастап ресми түрде 18 мамырда «Түркі жазбасының күні» болып өтіп жүр. Бұл — өте құптарлық жағдайдың бірі. Өйткені, мемлекет тарапынан, ЖОО тарапынан арнайы бағдарлама аясында тілдерді дамытуға көңіл бөлініп келеді. Ал осы тілдерді дамытуға Қазақстан Халқы ассамблеясы мен түрлі этно-мәдени орталықтардың қосқан үлесі өте көп. Тіпті әр ұлт өкілінің өз тілінде шығатын газет-журналы тағы бар. Мұның бәрі біздің еліміздегі ұлтаралық татулық пен бірлігінің көрінісі.


Жас қазақ: Еліміздегі түркі және славян халықтары арасында қарым-қатынасты, достықты нығайтуға қандай жұмыс жасалауда?

Майнұр Бөрібаева: Әр түрлі іс-шара өте көп деп айта аламын, оның ішінде ғалымдардың жазған еңбектері, зерттеулері әрине, үлкен үлес қосады. Мысалы, атақты түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Алтай Аманжоловтың, филология ғылымдарының докторы, профессор Надежда Гайнуллинойның, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұрсұл Шаймерденованың еңбектерін ерекше бағалаймын. А.С.Аманжолов 2008 жылы славян жазбасы күніне арналған басқосуда баяндама жасап, жаңалық ашқан болатын. 1997 жылы Алматының жанындағы Талғар қалашығында құрылысшылар көне тактайша тауып алады. Тактайшада көне грек-славян әліппесі жазылған. Сол тактайшаны тарих және археология институтының директоры Карл Байпаков деген белгілі ғалым, археолог Алтай Сөрсенұлына тапсырған екен. Сондағы табылған тактайшаны VIII–XIII ғасырларға жатқызу өбден мүмкін деген болжам айтқан болатын. Бұл тактайша әр түрлі ежелгі халықтардың, біздің ата-бабаларымыздың сол заманнан бері бір-бірімен қарым-қатынаста болғандығының бір дәлелі.

Жас қазақ: Майнұр ханым, келтірген дерек-дәйектеріңізге, уақыт тауып берген шағын сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Қызықстан қызықтары



КЕЗЕК ТЕ САТЫЛАДЫ

Маңғыстау облысында жүргізушілер жанармай стансасында көлігіне көгілдір отын құю үшін сағаттап, тіпті күні-түні кезекте тұр. Себебі өңірдегі жалғыз газ өңдеу зауыты жөндеу жұмысына байланысты жабылған. Кейбір пысықайлар әлеуметтік желі арқылы кезек алып беруді саудаға айналдырды. «Темір тұлпарыңа» кезексіз «жем» бергің келсе, ақша төлейсің.





NARYQ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Сұхбат

— Шығыс Қазақстан облысы дуалды оқытудың пилоттық жобасы ретінде таңдап алынып, 2012 жылы ең алғаш республикада бұл жүйе бойынша білім беру басталған болатын. Біздің негізгі көрсеткішіміз — жұмыспен



Кәсіптік білім беретін оқу орындарының бәрі өндіріске қажетті мамандыққа баулымайды. Содан барып программист көп те, жұмыс жоқ . Мәжілісте «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында дуалды оқытуды енгізу» деген тақырыппен өткен алқалы жиында осы мәселе талқыланды. Отырысқа қатысқан Семей қаласындағы электр-техникалық колледж директоры Азат Сәрпековтен өндіріске қажетті маман дайындау жайын сұраған едік.

Шығыс Қазақстан облысында 83 колледж бар. Бір ғана программист деген мамандық иелерін 16 колледж дайындайды. Яғни менің колледжімде программист мамандығын бітірген түлектердің жұмыспен қамтылуы төмен болса, онда келесі жылы маған мемлекеттік тапсырыс берілмейді. Қай колледж сапалы маман даярлайды,

— Оның себебі мынада. Бірден-бір себеп — көз қимаушылық. Олай болатын себебі — 18 мамандық бойынша да білім беруді сақтағымыз келді. Бірақ уақыт өте келе, біз ол мамандықтарды сақтап отырсақ, колледж жабылар еді. Одан да бізге келмейтін мамандықтарды нақты, сапалы маман даярлайтын колледждерге бердік те, өзіміздің негізгі мамандықтарымызды сақтап қалдық. Жұмыссыз қалған маманымыз жоқ. Мәселен, мықты шаштараз болса, кез келген адам соған жолдың алыстығына қарамастан іздеп барып, шашын

Квазимемлекеттік секторға бюджеттен бөлінген қаржы (KZT) (2014-2017)

Жарғылық капиталды толтыру	948,5 млрд	«Самұрық Қазына» малайзиялық Temasek Holdings компаниясының тәжірибесін қолдануы тиіс. Бұл кәсіпорын соңғы жылдары мемлекеттік бюджетке арқа сүйемейді. Құнды қағаз сату арқылы табыс тауып отыр. 2016 жылы есеп комитеті мемлекеттік қаржыны игеруі бойынша 86 квазимемлекеттік мекемеге аудиторлық тексеріс жүргізген. Оның нәтижесіне сәйкес, біраз ақшаның есепшоттарында еш пайдаланусыз жатқаны белгілі болған. Нұртай СӘБИЛИЯНОВ, Мәжіліс депутаты
Қалып қалған қаржы	113	
Мемлекетке төленген дивиденд	34 млрд	
	10 млрд (2016)	

бойынша білім алады да, ары қарай жұмысқа орналасады.

— **Кәсіпорын үшін бұл жүйенің пайдасынан шығыны көп болмай ма? Олар қаншалықты сіздермен жұмыс жасауға құлықты?**

— Біз өзіміздің келісімшартымыз бар кәсіпорын басшыларымен

жұмыс жасап жатырмыз. Дуалды оқыту жөнінде Германиядан сарапшылар келіп, біздің оқу орындарымызды қарап, бізге көмектесуде. Германиядағы көптеген кәсіпорын еліміздегі оқу орындарына тегін құрал-жабдық беріп келеді. Олар үш ай сайын құрылғыларын жаңартып отырады. Өздерінен қалғанын өзгелерге береді. Өйткені қалдықты жою үшін ақша төлеу керек. Сондықтан олар осы арқылы шығыннан құтылады. Сонымен қатар дамушы мемлекеттерге көмектессе, олар

ПРОГРАММИСТ КӨП, ДӘНЕКЕРШІ АЗ

қамту. Жұмысқа орналастыруды зейнетақы қорына аударылған аударым арқылы анықталынды. Шыққан пайыз мөлшері бойынша келесі жылға мемлекеттік тапсырыс алынады. Бұрынғыдай «жұмысқа орналасты» деген анықтама жарамайды. Қазір бітіруші түлектердің тізімі облыстық білім басқармасы арқылы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне беріледі. Олар осы тізім арқылы кімге міндетті зейнетақы қаражаты аударылғаны туралы ақпарат береді. Соның арқасында қазір бізде керек емес мамандықтар өзінен-өзі жойылуда.

— **Мәселен, қандай мамандықтар?**
— Өзім басқарып отырған колледжде бұрын 18 мамандық бойынша маман даярлайтын болғанбыз. Қазір 12 мамандық бойынша білім береміз. Негізгі керек деген мамандықтар қалып жатыр. Олар — электрик, дәнекерші, сантехник сияқты кәсіпкер.
— **Не себепті 6 мамандық жабылып қалды?**
— Жойылып кетті деп отырғанымның сыры — мынада.

тапсырыс сонда қалады. Міне, осылай нарықтағы сұранысқа байланысты колледждің жұмысы да көрінеді. Мамандықтарды бір-біріне қосу өзімен-өзі жүреді. Ешқайда жүгірудің, тіпті арнайы бір заң қабылдаудың да қажеті жоқ. Себебі нарықтық экономика өзі реттейді. Колледж 98 пайыз жұмыспен қамту мүмкіндігіне қол жеткізді.

— **Сонда түлектердің барлығы өз мамандығымен орналасқан ба?**

«Қазақ ғана бір диплом алып, екінші мамандықпен жұмыс істей береді», — деген әзіл бар. Бұл сөздің жаны бар. Мен барлық түлек өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасты дей алмаймын. Мамандығы бойынша орналасқандар 82 пайызға жетті. 100 пайыз ешқашан болмайды. Себебі оқу бітіргендердің кейбірі білімін ары қарай жалғастырса, кейбірі әскерге кетеді, тұрмысқа шығады дегендей. Басында жұмысқа орналасу көрсеткішіміз — 74 пайыздан аспайтын. Көрсеткішіміз алғашқыда өспеді.

— **Себебі неде?**

алдырады. Біз осыны түсініп, жұмыс істеп келеміз.

— **Қанша кәсіпорынмен келісімшартыңыз бар? Қанша студентіңіз сол өндіріс орындарында жүр?**

— Колледждің 46 кәсіпорынмен келісімшарты бар. Сонын ішінде 9 кәсіпорынмен тікелей дуалды оқыту жүйесі бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Бізде 1300 білім алушы бар, соның 300-ге жуығы осы бағдарламамен білім алуда. Жоба бойынша білім алушылардың жасы 16 немесе 18 жас емес, 40-50 де болуы мүмкін. Ол кісілер өзіне нақты не қажет екенін біледі. Сондықтан кәсіпорында оқытудың мүмкіндіктерін қарастырып, екінші мамандық алуы үшін жұмыс жасаймыз. Мәселен, әскери қызметкерлер 45 жасында зейнеткерлікке шығады. Ол кісілер ары қарай немен айналысады? Бізден келіп 3 айлық нарықтағы қажетті мамандық



тығыз байланыс жасап, талдау-сараптау жұмыстарын жүргізіп отырамыз. Сондағы бір ұққаным — кәсіпорынның көбісі жекеменшік. Олар мемлекеттен ақша алуға тексеруі көп деп қашқақтайды. Сондықтан ол кісілерге басқа көптеген елдердегідей салық бойынша көмек көрсету керек. Мәселен, біз неміс қауымдастығымен

салықтан босатылады. Сол сияқты дуалды оқытуға белсенді көмектескен кәсіпорындарды аз да болса, салықтан босатса, ақша бергеннен гөрі көп көмек болар еді.

— **Әңгіменізге рахмет!**

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,
Астана қаласы

Тиімді жүйе

Жас қазақ: Дүниежүзілік банктің «Doing Business», яғни «Бизнесті жүргізу» рейтингі біздің елімізде Алматы қаласындағы көрсеткіштер негізінде жасалады екен. Осы рейтинг жөнінде айтып өтсеңіз?
Заңғар Шындәлі: Дүниежүзілік банк әр түрлі сала бойынша көрсеткіш жасайды. Салық органдарының жұмысына келетін болсақ, салық салу жүйесі бойынша көбінесе Алматы қаласын негізге алады. Себебі, бүкіл ірі салық төлеушілер, жеке кәсіпкерлер, шағын бизнес орталықтары Алматыда шоғырланған. Мысалға айтатын болсақ, Әлемдік көрсеткіш бойынша 189 елдің ішінен біздің елдегі салық реформасы өркендеп келеді. Егер 2015 жылы — 53 орын, 2016 жылы — 41 орын болсақ, 2017 жылы 35 орынға көтерілдік.
Біз ары қарай қарқынды даму үшін өзгерістер мен бизнеске тиімді жактарын қарастыраудамыз. 2017 жылдың 1 қантарынан бастап жеке кәсіпкерлердің тіркелуі хабарлама түріне ауыстырылды. Демек, бұрынғыдай келіп, тіркелудің қажеті жоқ. Оған қосымша құжаттарды ала келудің қажеті болмайды. Егер, жеке кәсіпкерлікті бастаймын деген хабарлама жіберілсе, сол күннен бастап ол жеке кәсіпкер болып тіркеле алады. Осыған дейін қосымша күн салығының төлеушісі болып есепке тұру күрделі мәселенің бірі болып келген. Сонымен қатар жалға алып отырғанын растайтын құжат та қажет болатын. Ал қазіргі таңда бұл рәсімдер оңайлатылды. Бұрынғыдай комиссияның отырысын күтпей-ақ, арызымен бірге қосымша күн салығын төлей алады. Бұрын осы рәсімдерге 5 күн кететін болса, қазір 1 күн ішінде орындалады.

Салық – ұлттық табысты және ішкі өнімді, өндірісті дамыту және мемлекет пен халықтың әр түрлі қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатына байланысты экономикалық қатынастарды көрсетеді. Қазіргі таңда салық жүйесі қарқынды дамып келеді. Осыған орай Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер Департаментінің түсіндіру жұмысы жөніндегі басқарма басшысы Заңғар Шындәлімен қазіргі таңдағы салық жүйесін жақсарту мәселелері туралы әңгімелескен едік.



Жас қазақ: Алматы қаласында кәсіпкерлердің салық төлеу мәдениеті қандай деңгейде? Жалпы Алматы қаласының Мемлекеттік кіріс Дпартментінің әртүрлі дәрежедегі кәсіпкерлерге салық кодексі мен нормативтері жөнінде түсіндіру жұмыстары қалай жолға қойылған?

Заңғар Шындәлі: Біздегі пайдаланылатын қызметтің ең көп түрі — салық есептілігін жіберу. Соның қазіргі таңда 95 пайыздан астамы электрондық түрде жүзеге асырылады. Демек, салық төлеушілердің электрондық жүйені қолдану тәжірибесі жоғарылады деуге болады. Өзіміздің тарапымыздан біз тұрақты түрде салық төлеушілерге арналған арнайы семинарлар өткіземіз. Кез-келген жеке кәсіпкер әлеуметтік желі арқылы салық жүйесіне қатысты түсінбеген сұрағын жолдап, бізден жауап ала алады. Ресми хат күтпей, күрделі емес сұрақ болса жауабын телефон арқылы, болмаса әлеуметтік желі арқылы береміз.

Жас қазақ: «Модератор», «Электрондық бақылау жүйесі» сияқты жобалардың тиімділігі неде? *(Жеке кәсіпкерлікті қолдау мақсатында атқарылып жатқан*

жұмыстар жөнінде басқа қандай жобалар көзделген? — деп жазуға болады ма?)

Заңғар Шындәлі: «Модератор» жобасының тиімділігі туралы айтатын болсам, кез келген аудандық мемлекеттік кіріс басқармаларына белгілі бір сауалымен келген адам модератордың көмегіне жүгінеді. Залға кіргенде кез келген сұрағын әр терезеге бармай-ақ модератордан сұрай алады. Салық бланктары мен өтінішін де модератордан алады. Қосымша сұрақ болса модератордан біледі. Қандай бланк керек, қандай өтініш жазу керек, қай маманға баруға болады барлық сұраққа модератор көмектеседі. «Электрондық кезекті бақылау» адамдар көбейіп кеткен кезде бос операторға жүгіндіру жағын реттейді. Яғни салық төлеуге келген адам кезекте көп күтіп қалмауы керек. Осы жобаларды жүзеге асыру арқылы, мемлекеттік кіріс қызметін арттыру қолға алынады



Бізге келіп түскен қоңырауға жауап береді. Сонымен қатар салық жүйесіне қатысты сұрағы бар кез келген адам қажетті ақпаратын ала алады. Олан бөлек, телефон арқылы электрондық салық төлеуші ретінде тіркеле алады. Есептілікті тапсыруды тоқтата алады. Салық берешегі туралы ақпаратты да қоңырау шалу арқылы біліп отырады. Сонымен қатар контакт орталық бүкіл әлеуметтік желіні бақылап отырады. Сол желідегі сұрақтарға жауап бере алады. Қазіргі таңда біз мобильді орталықты қосайық деп жатырмыз. Соны дамыту бойынша жұмыстар атқарылуда. Мобильді орталық дегеніміз — адамдар көп жиналған жерде мемлекеттік қызмет көрсету. Мысалы, базарда мемлекеттік кірістер органдары алыста болса, отандастарымыз арнайы салық төлеу орталығына бара бермейді. Осы кезде мобильді орталықтың (арнайы көлік) көмегі орасан. Көлікте салық төлеуге толық мүмкіндік жасалған. Салық төлеуші мемлекеттік кірістер департаментіне келмей-ақ осы мобильді орталық арқылы төлемін жасай алады. 2020 жылы жалпы есептілікті тапсыру декларациясы қабылданады. Мысалы, қаламыздағы бір аудандағы елді мекенді алатын болсақ, сол елді мекеннің тұрғындары мобильді орталық арқылы төлем жасай алады. Ол үшін алдын ала «есептілікті қабылдайық деп жатырмыз», — деген хабарлама жүргізіледі. Сол кезде тұрғындар есептілігін тапсыра алады. Барлық атқарылып жатқан жұмыс Алматы тұрғындарының сапалы әрі жылдам қызмет алуына бағытталады. Осылайша, жылдан-жылға салық жүйесін жақсартуға арналған бағдарламалар біртіндеп жүзеге асырылып отырады.

Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы

Саңлақ

Қазақтың тұңғыш Олимпиада чемпионы Әлжан Жармұхамедов қолдың қысқалығынан елге қайта алмай, Мәскеуде тұрып жатыр...

Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген 25 жылда бір миллиондай қандас бауырларымыз атажұртына оралды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатының арқасында туған жерімізде қазақтың үлес салмағы 70 пайызға жуықтады. Біле білгенге, бұл – ұлттық саясаттағы ірі тарихи қадам.



МИЛЛИОН ҚАЗАҚ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ!

ТҰҢҒЫШ ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ СЫРТТА ҚАЛА МА?

Ал сол миллионға жуық бауырлардың қатарында алаш жұртының тұңғыш Олимпиада чемпионы Әлжан Жармұхамедов неге жоқ? Бұл өзі көзқаракты жұртты көптен бері толғандырып жүрген мәселе. Иә, Әлжан Жармұхамедов жарты ғасырдан бері көрші Ресейдің астанасы – Мәскеуде тұрып жатыр. Елге келсем, деген ойын баспасөз бетінде, телеарна арқылы бірнеше рет ашық айтқан. Мысалы, былтыр 26 наурызда «ПРОСПОРТ Казахстан» басылымына «Отанымды ансаймын!» («Тоскую по Родине») деген сұхбаты шықты. 2009 жылы 8 мамырда Казправда.kz сайтындағы Жармұхамедовпен болған әңгіме-сұхбаттың тақырыбы – «Елге оралсам деп армандаймын!» («Мечтаю вернуться на Родину!») – деп аталады. Қазақ басылымдарындағы осы мәселеге қатысты мақалаларды тізетін болсақ, біраз жерге барамыз.

Ол кісі өмір бойы доп ойнаған, жаттықтырушы болған адам. Жалғыз енбексақыны қанағат қылып, сирек қолға тиетін сыйақыға риза болған карапайым қазақ. Алматыдан не Астанадан пәтер сатып алуға қалтасы көтермейді. Бірақ, елге оралсам, деген ниеті күшті. «Мәскеу маған спорттық атактың бәрін берді. Бірақ туған Отаным – Қазақ еліне деген махаббатымды жене алған жоқ», – дейді Әлжан Мүсірбекұлы.

Әлжан Жармұхамедовты 1989 жылы тамыз айында Ташкент қаласына арнайы іздеп бардым. Ол кісі сол тұста КСРО чемпионатында ойнайтын Ташкенттің баскетбол командасының жаттықтырушысы болатын. Екеуміз метрода жолықтық. Жер түбінен қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионын іздеп келгенімді ашық айттым. Ол кісі жымыған қалпы сыртында советтің гербі бар қызыл паспортты ашып көрсетті. «Национальность» деген сөздің тұсындағы «қазақ» атауы көзіме оттай басылды. 1944 жылы 2 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы Бостандық ауданы Табаксай ауылында дүниеге келгенін сол паспорттан оқыдым. Сол сәт қуанышым қойныма сыймай кетті.

Иә, Әлжан Жармұхамедов қатардағы көп спортшының бірі емес. Нақты деректерге сүйенсек, XX ғасырдағы ең атакты қазақ спортшысы.

Баскетболдан Мюнхен Олимпиадасының жеңімпазы (1972 жыл), Монреаль Олимпиадасының қола жүлдегері (1976), яғни қатарынан екі Олимпиада ойындарында олжа салған тұңғыш қазақ сандағы.

Әлем чемпионатының күмісі (1978) және қола (1970) жүлдегері;

Дүниежүзілік универсиададың жеңімпазы (1970);


Еуропаның 3 дүркін чемпионы (1967, 1971, 1979);

Еуропа Суперкубогінің иесі (1971);

Кенес Одағының 10 мәрте чемпионы (1970–1980);

Кенес Одағының «Құрмет Белгісі», Ресейдің «Почет» орденімен марапатталған.

Тағы бір ескеретін жағдай, Әлжан Мүсірбекұлы КСРО құрамасы мен Мәскеудің ЦСКА командасына өзі сұранып барған жоқ. 1967 жылы КСРО құрамасының бас жаттықтырушысы Александр Гомельский Әлжанды одақ құрамасына шақырды. Жармұхамедов сол жылы КСРО құрамасы сапында Еуропа чемпионы атанды. Гомельский дарынды қазаққа ұлттық құраманың базалық командасы ЦСКА-ға ауысу туралы ұсыныс



Мәскеуге әкетпек ниетпен соңынан әскери адамдар жібереді. Әлжан олардан қашып, Алматы асып кетеді.

Алматының «Локомотивінде» бірнеше ай ойнаған Әлжан Қазақстанда қалғысы келген. Республика спортының басшылары қазіргі Абылай хан көшесінің бойындағы үйден пәтер аласын, деп уәде береді. Бірақ уәде сөз жүзінде қалып қояды. Содан Жармұхамедов Қазақстан құрамасы сапында КСРО кәсіподақтарының біріншілігіне баралы. Сол жарыс үстінде өзбектер Әлжанның паспорты Ташкентте тіркелгенін желеу етіп, оның аланға шығуына мүмкіндік бермейді. Сөйтсе, жағдай былай болған екен. Қазақстан жағы Әлжанды Алматыға тіркейтін кезде, Ташкенттен тіркеуден шығаруды ескермепті.

1969 жылы қарашада КСРО қорғаныс министрлігін бұйрығымен Әлжан Мүсірбекұлы Мәскеудің ЦСКА-сына алынады. Содан табаны күректей 11 жыл осы команданың, Кенес Одағындағы ең үздік клубтың намысын қорғады. Сол жылдардағы КСРО баскетбол құрамасы сапындағы ойыншылардың ішінде жалғыз қарақөз спортшысы біздің Жармұхамедов болғанын мақтанышпен айта кету артық болмас.

Туған елін аңсаған Әлжан Мүсірбекұлы 1987 жылы Алматыда қызметке орналасты. Баскетбол маманы ретінде емес, нысана көздеуші ретінде. Қазақтың тұңғыш Олимпиада чемпионын сол тұстағы спорт басшылары осылай өгейсітті. Мұндай қорлыққа шыдамаған Жармұхамедов үндеместен аттың басын артқа бұруға мәжбүр болды.

Әлжан тек данқты спортшы ғана емес, білікті бапкер ретінде де бағасын алған тұлға. Жармұхамедов XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасында үзенгілес досы Сергей Беловпен бірге Ресей ұлттық құрамасын жаттықтырды. Белов пен Жармұхамедов баптаған Ресей баскетболшылары 1994 жылы әлем чемпионатында күміс медальға, 1997 жылы Еуропа біріншілігінде қола жүлдеге ие болды. Бұл да Жармұхамедов өміріндегі мәртебелі белес екені анық.

Әлжан ағамыз Алматыға ет жүрегі елжіреп, екі рет көшіп келуге әрекет жасады. Біз ел ретінде бауырымызға тарта алмадық. Кезінде Мәскеу әскери жарлықпен, жауынгер жіберіп тартып алған біртуар баскетболшымызды жат жерде қалдырғанымыз қалай болар екен?!

Осы жан ауыртатын мәселеге Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек назар

аударса, деген тілегіміз бар. Иә, Алматы кімдерге қоныс болмаған?! Заманында орыс патшасы мен совет билігі қалаған жұртын осы жұмақ өлкеге, байтақ қалаға қалағанынша қоныстандырды емес пе. Ендеше, еліміздің ең үлкен қаласынан Әлжандай ардағымызға бір баспана табылады деп сенейік! Уақыт жел аударған қанбақтай өте шығады. Бауке, егер Жармұхамедовты Жетісуға көшіріп әкелетін болсаңыз, туған халқымыздың алдында мәртебеніз асқақтап сала береді. Себебі Әлжан алаш жұртының тарихында орны бар тұлға. Дүние өткізші, күндердің күнінде Әлжан ағамыздың дәм-тұзы Мәскеуде таусылып, жамбасы сол жердің топырағына тисе, қандай

күй кешеміз? Иманға ұйыған, намысы күшті ұлт өзінің тұңғыш Олимпиада чемпионын жат жұртта қалдырмаса керек-ті!



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Қазақ «Туған жерге туынды тік!» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни, туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады» — деген жолдар бар. Ендеше, Әлжанның атажұртын аңсауы заңды құбылыс.

Сонау жылдары Міржақыптың сүйегін Ресейдің солтүстік қиырынан алып келдік. Жуырда Кейкі батырдың бас сүйегі елге жетті.

Иманғали Тасмағамбетов, Қырымбек Көшербаев ағаларымыз батыс аймақтарды басқарып тұрғанда Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қадыр Мырзалиев, Лия Жақанов, Аққұштап Бактыгереева секілді тұлғаларымызға туған жерінен үй салдыртып берді емес пе. Жамбылдағы азаматтар Шерхан Мұртаза ағаны қалай қадірледі! Шымкенттегі атқамінерлер Дулат Исабеков ағамызға баспана тұрғызып жатыр деп естілік. Ер қадірін білетін азаматтар қазаққа әр заманда болған. Ендеше, Әлжанды да мерейін өсіріп, Алматыға көшіріп алайық! Ерінің қадірін сезінетін қалың елі бар екенін ол кісі де біле жүрсін.

Бұл — көптің тілегі. Ақсақал жасына жеткен Жармұхамедовтың ортамызға келіп, қалған ғұмырын ағайын ортасында өткізіп жатса, тек Әлжанның отбасы ғана емес, мыңдаған тілеулес бауырлары қуанып қалар еді. Ал көптің қуанышына себеп болған адам Алланың нығметіне бөленеді.

Қыдырбек РЫСБЕК, Б.Бұлықшев атындағы Қазақстан Жастар одағы және С. Бердіқұлов атындағы сыйлықтардың лауреаты, спорт тарихшысы



Татулық

«Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол — бірлік» демекші, ел басына күн туған заманда халқымызды

ұлт ретінде сақтап қалған ынтымағы мен бірлігі десек, артық айтпағанымыз болар. Достық пен ынтымақ бар жерде, береке мен ырыс болары айдан анық. Еліміздің 25 жыл ішінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, биіктерден көрінуі, Орталық Азия мемлекеттерінің ішіндегі өзіндік орны бар елге айналғанымыздың өзі неге тұрады? Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ. Осыған орай Алматы қаласындағы Түркімен қоғамдық-мәдени орталығының жетекшісі Гүлнар Аннақұлиевамен сұхбаттасқан едік.

Жас қазақ: Алматы қаласындағы Түркімен этно-мәдени орталығы қашан құрылды, тарихы туралы айтсаңыз?

Гүлнар Аннақұлиева: Алматы қаласындағы Түркімен қоғамдық-мәдени орталығы 1995 жылы 22 қазанда тіркелді. Тарихы туралы айтатын болсам, 1992 жылы алғашқы құрылтай болды. Түркіменстанда да алғашқы құрылтай ұйымдастырылды. 1992 жылы сол елдегі «Ватан» қоғамдық орталығынан біздің елдегі «Отан» қоғамдық орталығына хабарлама келеді. Онда Ашхабатта өтетін алғашқы құрылтайға біздің елден екі түркімен азаматын жіберуді өтініпті. Еліміздегі «Отан» қоғамдық бірлестігінің директоры мені ұсынды. Қасыма танысымды алып, Ашхабаттағы ең алғашқы құрылтайға қатыстым. Ондағылар «Сен Қазақстан деген алып елде тұрасың. Ал онда түркімен мәдени орталығы жоқ. Дерее орталық құру керек», — деген ұсыныс айтты. Сол сәттен бастап Түркімен мәдени орталығын елімізде құру үшін енбек жолын бастап кеттім. Құжаттарды 1995

жылы дайындап, сол жылы куәлік алдым. Міне, содан бері біздің орталық ел бірлігі мен мәдениетін насихаттауда ерінбей еңбек етіп келеді.

Жас қазақ: Сіздің орталық Қазақстан Халқы ассамблеясының шараларына қаншалықты белсенді қатысады?

Гүлнар Аннақұлиева: Қандай да ассамблея тарапынан шара болса, мүмкіндігінше барлығына қатысуға тырысамыз. Өзім ғылым саласында қызмет ететін адам болғандықтан, ел бірлігіне қатысты көптеген мақала жаздым. Телеарна, радио, газет болсын өз пікірімді білдіріп отырамын. Қалалық әкімдік тарапынан болсын, Астанадан болсын ұйымдастырылатын шараға да жиі қатысамыз. Түркімен ұлтының мәдениетін таныстырып, еліміздегі барлық ұлт өкілдерінің мәдениетін құрметтей отырып, өз қызметімізді алға бастап келеміз.

Гүлнар АННАҚҰЛИЕВА:



Жас қазақ: Алматыдағы ел бірлігі мен татулығын дамытуға орталықтың маңызы қандай?

Гүлнар Аннақұлиева: Қазақстан құшағы ыстық, құлашы кең байтақ ел. 130-дан астам ұлт өкілінің бір атанын баласындай ырыс пен ынтымақта өмір сүріп келе жатқандығы бұл сөзіме айғақ. Мен қазақ халқының мұндай мейірбандығын, қонақжайлылығын, кең пейілділігін үнемі мақтан етіп келемін. Осыншама ұлт пен ұлыстың өкілі бірге тұрып, бірге жасап, бір мақсатқа жұмылып өмір сүріп келе жатқандығы Елбасымыздың дана саясатының нәтижесі болса керек. Алматының өзінде ғана 30-дан астам түрлі ұлттың мәдени орталығы бар. Олар Қазақстан Халқы ассамблеясының үлкен шаңырағының астына топтасқан. Ал түркімен орталығының ең басты мақсаты — қазақ мәдениетін дамыту, одан кейін түркімен мәдениеті мен қаламыздағы өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін дамыту. Себебі біз бір-бірімізбен жақсы қарым-қатынас жасаймыз. Ассамблея құрамындағы әрбір этнос бір-бірін қолдай отырып, қазақ мәдениетін құрметтей отырып әр ұлт өз мәдениетін де насихаттауда. Ел

бірлігін сақтап, татулық пен достықты ту етіп — болашақты тәрбиелеу де біздің басты міндетіміз.

Жас қазақ: Түркімен орталығының дамуына өз үлесін қосқан тұлғалар туралы қандай деректер айта аласыз?

Гүлнар Аннақұлиева: Біздің орталық кішкентай болғанымен, осы орталықтың дамуына үлес қосқан тұлғалар өте көп. Өкінішке қарай, өмірден озған академик Құрбан Аманиязовтың еңбегін ерекше атар едім. Ол түркімен тілінен қазақ тіліне көптеген еңбекті аударды. Сонымен қатар радиода бірнеше жыл қызмет еткен Дүйсенбек Қанатбаевтың да еңбегі зор. Ол Түркіменстанның атакты ақыны Махтумқулидің өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Сонымен қатар «Түркіменстан-Маңғыстау», «Бұхар жырау» атты еңбектер жазды. Түркімен қоғамдық-мәдени орталығының дамуына өз үлесін қосқан Сапар Назаров, Құрбан Бердиев, Жазықбай Аханов, Ашир Даватов сынды азаматтарды ерекше атар едім. Сондай-ақ қазіргі

танда Астана қаласынан да түркімен орталығы ашылып, өз жұмысын бастады.

Жас қазақ: Елбасы Қазақстан Халқы ассамблеясының 25-сессиясында бірқатар тапсырма жүктеген болатын. Оның жүзеге асырылуына орталық қандай қызмет атқаруда?

Гүлнар Аннақұлиева: Мен ол сессияға қатыстым. Астанадан бірқатар тапсырма да келді. Алғашқы тапсырманың бірі — қаладағы мұражайға көмектесу. Ал осы тапсырманың аясында мұражайға түркімен ұлттық киімі мен бірнеше кітаптар тапсырдым. Келесі маңызды тапсырманың бірі — географиялық атауы ерекше жерлерді зерттеп, кітапқа қосу. Мысалға айтатын болсам, Маңғыстау өңірі ондағы таулардың атауы сынды дүниелер. Осыған қатысты профессор Дулатбек Қыдырбекұлымен бірлесіп жазған «Қазақ-түркімен» тарихына арналған мақаламды ұсындым. Мақаламда Маңғыстау өңірінің тарихи жерлеріндегі атаулар да қозғалған.

Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Оңтүстік өнімдері

Елбасы Тәуелсіздіктің 20 жылдығында арнайы телекөпір арқылы тұсауын кескен кәсіпорынның аумағы 3 гектарды құрайды. Мемлекет бұл жерді тегін берген. Мекемені табыс және мүлік салығынан босатқан. Үкіметтің осындай кең көлемді қолдауынан кейін «Шымкент-Кашемир» ЖШС-нің кәсібі кеңейіп, өркендеп келеді.

Кәсіпорын басшысы Шағанбек Қанжарбайұлы — кәсіпкерлік саласында тыннан түрен салғандардың бірі. Бұлай дейтініміз, елімізде бір зауытта бастан-аяқ түбіт өңдеу кәсібі бұған дейін болмаған екен. Көршілес Қытайдың Алтай аймағынан елге көшіп келген соң қазаққа пайдалы кәсіпті қолға алады. «Барлық жол алғашқы қадамнан басталатынындай», алғаш адымдағанда бұл саланы игеру оңайға соқпайды. Өйткені, түбіт саласы — соны сүрлеу мен соқпак салуды қажет етті.

ШЫМКЕНТТІҢ КАШЕМИРІ

Сөйтіп, кәсіпкердің өз кәсібін алдын ала мұқият зерттеп, батыл шешімдер қабылдауының арқасында қазіргі «Шымкент-Кашемир» бой көтерген.

Тақыр жерден тұрғызылған зауыттың қалай алпауыт кәсіпорынға айналғанын, кашемирдің қалай өңделетінін көзімізбен көрмек болып, қаладан 7 шақырым жердегі «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағынан орын тепкен зауытқа бет бұрдық.

ЖҮН ӨНДЕУДІҢ ЖӘЙ-ЖАПСАРЫ

Кәсіпорынға кіргеннен жүннің күлімсі иісі «мұрынды жарды».



Бетіміздің бірден тыжырынғанын байқаған болуы керек, мекеме басшысы:

— Жүн өңдеу оңай деймісін, қарағым?! — деп әңгімесін бастады. Бірінші Қазақстанның әр аймағынан жеткізілген жүндер сорттау шеберханасында сұрыпталады екен. Алып зауыттың ішінде тау-тау боп үйіліп жатқан жүнді жұмысшылар қолмен сорттап отыр. Сортталған соң жұмысшы қыздар жүн жуатын станоктарға салып жатыр. Ұзыннан-ұзын қойылған станоктардың сарт-сұрт дауысынан бір-бірімізді әзер естиміз. Жүн жуатын құрылғылар толассыз айналууда. Жүн жуылғаннан кейін келесі станокта кептіріледі екен. Одан соң таралады. Тарақтардан қылы бөлек, түбігі бөлек шығарылады. Қылынан матрас, түбігінен көрпе жасалады. Бәрі де станоктарда іске асырылады. Жұмысшылар соларды тек баскарып тұрса болғаны.

— Басында жүн жуатын бір ғана цехтан бастадық. Кейіннен жүн сорттайтын, кептіретін, тарайтын, топс жасайтын, көрпе мен киім тігетін қосымша төрт шеберхана салдық. Алдағы уақытта жіп иіріп, бояйтын және кілем тоқитын цех ашу жоспарда тұр, — делі Шағанбек Қанжарбайұлы үзілген сұхбат желісін жалғағысы келіп. Оның айтуынша, кәсіпорындағы 5 шеберханада 33 станок орнатылған. Жүн жуатын — 2 қатар, топс жасайтын — 2 қатар, жүн тарайтын — 16 қатар, түбіт тарайтын — 12 қатар, көрпе тігетін 1 қатар. Жалпы саны 33 станоктың көмегімен жұмыс өнімділігі артуда.

ТОПС ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚЫР-СЫРЫ

Екінші шеберханада меринос қойдың жүнінен топс өңделеді. Бұған еуропалықтар қызығып келе бастапты. Дәл қазіргі кезеңде топс топтамасы

Шымкентте кашемир өңдейтін кәсіпорын бар. Кашемир деп отырғанымыз, сол қазақы қой мен түйе жүнінің түбігі. Елімізде түбіттен және жүннен, топстан жасалған бұйымдардың өндірісімен айналысатын жалғыз кәсіпорын әзірге осы Шымкентте ғана. Топс дегеніміз — жіп иіруге қажетті жүннен алынатын шикізат. Таразда топс тоқымасын өндіретін цех ашылды да, белгісіз бір себептермен жабылып қалды. «Шымкент-Кашемир»-дің ашылғанына бар-жоғы бес жылдың көлемі болса да, жылына 400 тонна түбіт өңдеуге қауқарлы.



Италияға жөнелтілуде. Жапония мен Израиль қатты қызығушылық танытып отыр екен. Алғашында меринос қойдың жүнінің сапасы жақсы болмапты. Кәсіпкер Кавказдан асыл тұқымды қошқарлар әкеліп, жергілікті қоймен будандастырғанын айтады. Одан соң жүннің сапасы жақсарған.

Екі қатарға қаз тізілген құрылғыларда әппак мамық жүн өз-өзінен айналып жатыр. Станоктардың жанында арнайы форма киген қызметкерлер оларды қолымен баскарып қана тұр. «Бұл цехта 18 станок бар. Бір адам бір мезгілде төрт станокты қатарынан игеріп, жұмыс істей алады», — дейді жүн тарау цехының аға шебері Екпін Мұқатұлы.

өндіреміз. Мұны ұзақ уақыт бойы мұқият зерттедім. Сөйтіп, Қытайдан станоктар әкеліп, іске қостық, — дейді Шағанбек Қанжарбайұлы.

Бұл шеберханада әйелдерге арналған кашемир мен трикотаждан сырт киімдер, кеудешелер де тігілуде. Біз барғанда, тігінші қыздар көрпенің тысын пішіп, ішіне жүн салып жатыр екен. Көрпе тігу цехының аға шебері Сәния Мүкейді сөзге тарттық.

— Түйе жүні көптеген ауруға ем. Ата-бабаларымыз түйе жүнін, оның ішінде шудасы мен жабағысын әр түрлі сырқаттарға және сары су жинаған жерлерге басып емдеген. Түйе жүнінен жасалған белдікпен құянды емдейді. Сондай-ақ түйе жүнінен жасалған көрпе суық тиюден қорғайды. Ол адам ағзасын түрлі дерттен сауықтырып қана қоймайды, ағзаны жасартатын



қасиетке ие. Жас балаларға түйе жүнінен тоқылған шұлық кигізіп, көрпесін жамылдырса, суық тимейді. Адам температурасын бір қалыпта ұстайды. Денеге қыста жылы, жазда салқын тиеді, оны жамылған адам шілденің аптап ыстығында да терлемейді, — делі.

Айта кететін нәрсе, түйенің шудасы да қымбат бағаланады екен. Оны буын, құяң, бүйрек ауруларына, радиация сәулелеріне қарсы ем ретінде пайдаланады. Түйе жүнінің құрамында инфрақызыл сәулесі кездеседі. Бұл сәуле медицинада тері, артрит, ревматизм тәрізді ауруларды емдеуде кенінен қолданылады. Түйе жүнінің түбітін күйдіріп, ұнтақтап қан аққан жерге сепсе, қан тыйылады.

Нардың жүнін қазақ халқы аякқа таптамаған, тек кеудешелер мен жейделер, шекпендер мен көрпелер дайындаған.

«Шымкент Кашемир» ЖШС өңдеген түйе жүнінен жасалған отандық өнімнің сапасы талапқа сай келеді. Тігетін көрпелерге тек табиғи шикізат — меринос қойдың жүні мен түйенің түбігі салынады. Жамылғылар, сонымен қатар матрастың ішіне де түбіттер салып шығаруда. Тағы бір ескеретін жәйт, сапасы жоғары, мінсіз тігілген көрпелер «Қазақтың ұлттық көрпесі мынадай» деп мақтана көрсетуге әбден лайықты.

Шағанбек Қанжарбайұлы көрпе мен сырт киімнен өзге әр алуан киіздер өндіруді қолға алғанына тоқталды.

— Теңіз бетіндегі мұнайды сорып алатын киізді әзірге «Қытай Мұнай Компаниясы» тапсырыспен алып жатыр. Жакында қазақ киіз үйінің киізін, үйге төсейтін көдімгі киізді де өндірмекшіміз. Ол үшін құрылғылар әкеліп қойдық, — дейді ол.

Бір байқағанымыз, бұл зауытта өнім түрі әр алуан. Топстан балалар аяқ киімі де жасалып, сатылымға түскен.

«Шымкент-Кашемир»-де жалпы саны 150-дей қызметкер жұмыспен қамтылған. Олардың жолақысы тегін, түстік асына жеңілдіктер қарастырылған. Орташа айлық жалақысы — 60-70 мың теңге. Екі қолға бір күрек таппай жүрген жандарға — тұрақты жұмысқа орналасуға таптырмас мүмкіндік бар.

Р.С. Кәсіпкер Шағанбек Қанжарбайұлының өз қаржысына тақыр жерден тұрғызылған



ішкі және сыртқы нарықта да сұранысқа ие.

— Кәсіп нысанын асықпай, әбден зерттеп алу керек. Қытай түбіт тараудан дүниежүзі бойынша алдыңғы орында. Бұлардың станогы мен құрылғылары да жұмыс істеуге өте қолайлы. Сосын ол жақта бір зауыт түбіт тараса, тағы бірі жүн жуады. Ал біз осынын барлығын бір жерде

кәсіпорынның бүгінгі келбетіне қарап көзін тояды. Отандық өнімнің сапасы да жоғары, бағасы да көлжегімді. Өзімізде өндірілгендігі үшін де өзгеше. Халыққа пайдасы бар өнімдері үшін де қадірлі. Ал сіз, Шымкенттің кашемирін қолданып көрдіңіз бе?..

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Оңтүстік Қазақстан облысы

Туризм

Жер жаннаты Жетісудың тау-тасы, өзен-көліне қызықпайтын жан жоқ шығар. Тұмса табиғаттың сұлулығын сезініп, ғажайыбын көзбен көруге алыс-жақын шетелдерден келетін туристер саны да еселеп артып келеді. Сол себепті де отандық туризмді дамытып, оның түйткілді түйіндерін тарқату мәселесі назардан тыс қалмаған. Осыған орай ақбас Алатаудың өтегінен орын тепкен «Ақбұлақ» спорттық-сауықтыру көшөнінде өткен семинар-көңестің күн тәртібінде туризм саласын өркендетудің басты мәселелері сөз болды.

ТУРИСТІК МАУСЫМ АШЫЛДЫ

«ЭКСПО — 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысу және жазғы туристік маусымның ашылуын басты тақырып еткен жиынға «Астана-ЭКСПО» ҰҚ» АҚ басқармасы бастығының кеңесшісі Роза Асанбаева, облыстық туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арқау Шантаев, Алматы қалалық туризм және ішкі байланыс басқармасының жетекшісі Ерлан Жайлаубай және мемлекеттік ұлттық табиғи парк басшылары мен аудан әкімдерінің орынбасарлары, туризм және спорт бөлімінің жетекші мамандары қатысты.

— Еліміз үшін ең сындарлы сәт — ЭКСПО халықаралық көрмесінің ашылуына санаулы күн қалды. Бұл Тәуелсіз мемлекетіміз үшін әлем елдері алдындағы аса маңызды шара саналады. Ел Президенті Н.Назарбаевтың «Болашақтың энергиясы» туралы баяндап, оны дүниежүзілік деңгейге көтеругінің нәтижесінде бұл мәселеге әлем назарын аударды. «Жасыл экономикаға» көшудің маңыздылығы бүгінгі күннің басты бағытына айналғаны анық. «Жасыл экономикаға» көшу адамзатты

мол. Осыған орай, туризмді дамыту мақсатында атқарылатын жұмыстардың шеберлік-жоспары жасалып, облыстық мәслихаттың шешімімен бекігені белгілі. Туристік маусымның ашылуы — ел тұрғындары үшін үлкен қуаныш. Себебі бұл — кіріс көзі, тұрмыс-тіршіліктің тірегі. Осы уақытта облысымызда 600-ден астам нысан туристерді қамтылауда дайын. Өткен жылы туризм саласына 3,6 млрд теңге инвестиция салынып, 430 адам еңбекпен қамтылса, 100 мыңнан астам турист табиғатты тамашалаған, — делі семинарда сөз алған облыстық туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арқау Шантаев.

Бұдан әрі баяндамашы жазғы маусымда жанға жайлылық сыйлайтын Алакөл, Қапшағай, Көлсай жағалауында атқарылып жатқан жұмыстар жайын, сонымен қатар Талғар, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр аудандары мен мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағында тынығушыларға көрсетілер қызмет түрлерін де тілге тиек етті.

Дей тұрғанмен де, мақсатқа жету жолында атқарылып жатқан шараларға қоса, туристердің қауіпсіздігін қадағалау, жайлы



экологиялық қауіп-қатерден, сондай-ақ қоршаған ортаның зияндылығынан сақтап, өмір сүру жағдайын жақсартады. Бұл — болашақтың кепілі, — деген «Астана-ЭКСПО» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі Роза Асанбаева бұдан әрі үш айға созылатын ЭКСПО көрмесі аясында туристер мен меймандарға арналған арнайы бағдарламаны слайдтың көмегімен егжей-тегжейлі таныстырып өтті.

— «Жасыл экономика» аясында жүзеге асатын маңызды шаруаның бірі әрі бірегейі — туризм мәселесі. Жетісудың көрікті өлкелерінде туризмді жандандырудың мүмкіндігі

жатын орын мен табиғи таза тағам түрлерімен қамтамасыз етудің де маңыздылығы назардан тыс қалмады. Жағажайлардың, демалыс аумағының коқыстан уақтылы тазартылып, қонақтарға қонақжайлылық көрсетудің де туризм саласының дамуына тігізер ықпалы айрықша екендігімен түйінделді.

Туризмді дамыту жайын сөз еткен жиында аудандардан келген мамандар өздерін толғандырып жүрген сауалдарын ортаға салып, келелі ойымен бөлісті.

Ұлбосын ИСАБЕК,
Алматы облысы

Отандық өнім

Алма мен алмұрт өсіруді жолға қойғаннан кейін өнімді сақтау мен өңдеу мәселелері туындайтыны белгілі. Бұл мәселеге де жауапкершілікпен келген мамандар

ӨЗІНІҢ БАҚШАСЫ БАР

аумағы бір гектар болатын жерде Германияның PLATTENHARDT & WIRTH GMBH фирмасы

технологиясы негізінде бір мезгілде 2200 тонна өнім сақтауға қабілетті қойма құрылысын жүргізген болатын. Мұнда орнатылған 11 тоназытқыш камерасы салқындатып қана қоймай, арнайы газбен толтырылған ауаны ұстап тұра алады. Мұның ішінде төрт камера ерекше температуралық режимді қамтамасыз етуге негізделген. Ал голландиялық Greefa компаниясының құрылғылары сағатына 2 тонна өнімді салмағына, көлеміне, түсіне қарай автоматты түрде сұрыптап, қораптарға салып отырады. Сол сияқты, жемісті қабылдап алу, түсіру мен тиеу жұмыстары да толық автоматтандырылған.

Алғашында алма мен алмұртты өсіріп, тұтынушыларға жеткізуді жолға қойған агрофирма 2016 жылдан бастап аустриялық Kreuzmaut Maschinenbau GmbH компаниясының технологиясы бойынша тікелей сығымдау арқылы жеміс шырынын шығару өндірісін іске қосқан. Қазір аталған цехта алма, алма-сәбіз және алма-қызылша

Алматы облысы Қарасай ауданына қарасты Үшқоңыр ауылындағы «Керуен» агрофирмасы 2009 жылы ашылды. Аталған ауыл шаруашылығы құрылымы жеміс-жидек өндірісін қалпына келтіруді өу баста мақсат етіп қойған. Осылайша олар алдымен бақшаға арналған жер алып, алма мен алмұрт өсіруді бастайды. Бүгінде агрофирмаға тиесіі 100 гектар алқапта «Голден Делишес», «Ред Делишес», «Айдред» және үш гектар алқапта «Талғар аруы» алмұрт бағы жайқалып тұр.

қосындысының шырындары мен алма повидлосы өндіріледі. Күніне 500 литр шырын өндіретін цех бір жылда 500 тонна жемісті өңдеуге қабілетті.

— Қазір біздің бақтың 54 гектары тамшылап суару жүйесімен қамтамасыз етілген. Тауа уақытта тағы да 31 гектар бақшалық осы әдіспен суарылатын болады, — дейді агрофирманың директоры

Сәбит Нұртазин. — Сонымен қатар томат өсіруді де қолға алып, жылыжай құрылысын жүргізу үшін әкімшіліктен қосымша төрт гектар жер сұрап отырмыз. Осылайша, отандастарымызды ешқандай консервантсыз, қант қоспасынсыз, экологиялық жағынан таза алма және қызанақ шырындарымен қамтуды мақсат етіп қойдық.

Агрофирмада 30-ға жуық жергілікті тұрғындар еңбек етеді. Аталған жобалар жүзеге асатын болса, жалақысы 100 мың теңгеден асатын жұмыс орындары көбейе түспек. Жұмысшыларды тасымалдау, тамақтандыру мәселесі де онды шешімін тапқан. Тоназытқыштар орнатылған ғимаратқа жуынып, арнайы киіммен ғана кіретін қызметкерлер тазалық мәселесіне аса жауапкершілікпен қарайды. Мұнда адамдардың әлеуметтік жағынан толық қорғалғанын да айта кету керек.

Қуат ӘБІЛҰЛЫ,
Алматы облысы

Жаңғыру

Кентау трансформатор зауыты – Оңтүстік

Қазақстан облысындағы іргелі өндіріс орындарының бірі. Мұнда трансформатордың 140-тан астам түрі шығады. Электр саласындағы өнімнің көптеген бөлігі алыс-жақын шетелдерге экспортталады. Өндіріс орынының өнімін негізгі тұтынушысы өліміздегі «КазМұнайГаз», «Қазақстан теміржолы» АҚ секілді алпауыт мекемелер. Сондай-ақ Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Ауғанстан және басқа да мемлекеттер Кентау трансформаторын көптеп сатып алады.

аймағына бас құрастырушы Әділбек Тәжібаев бастаған зауыт мамандары орнатып, іске қосыпты. Айта кету керек, алып трансформаторға қазіргі таңда төрт тапсырыс түскен. 80 МВт-тық трансформатор бұрын-соңды елімізде жасалынбаған. Бұл елеулі жаналық. Себебі бұған дейін ел көлемінде құрастырылған трансформатордың ең қуаттысы 63 МВт ғана болған. Сондай-ақ зауыт электровоздарға арналған жана трансформаторларды шығаруды қолға алған. Алғашқы үлгілік нұсқасы зауыт цехында құрастырылып жатыр. Alageum Electric компаниясының құрылымдық бөлігі болып табылатын Кентау политехникалық колледжі 2011 жылы ашылып, бүгінде мұнда 500-ден

БРЕНД ЗАУЫТ

Шындығы керек, тоқырау жылдарында трансформатор зауытының жұмысы тоқтап қалды. Өйткені, қажетті бұйымдар, қосалқы заттар, мүлдем тапшы еді. Трансформатор тапшылығы өкпеден сығып тұрса да, өндіріс ошағы біршама кедергіге тап болып, өз өнімін шығара алмады. Алайда Кентау трансформатор зауытының басшылары қол қусырып қарап отырған жоқ. Еліміздегі электр саласының дамуына өз үлесін қосу үшін бар мүмкіндікті пайдаланды. Нәтижесінде зауыттың екінші тынысы ашылды. Кентау қаласының тұрғындарының үміт оты тұтанды.

Шыны керек, Кеңес одағы тұсындағы зауыт жабдықтары әбден ескірген еді. Сондықтан зауыт қайта құрылғалы бері мұндағы технологияның барлығы түгелімен жанартылды. Соның нәтижесінде өндіріс көлемі соңғы 20 жылда 20 есеге өсіпті. Мәселен, 2014 жылы трансформатордың 26, 2015 жылы 36 түрі шығарылса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 42-ге жетті.

Зауыт басшылары жұмыстың күн тәртібіне тиімді ұйымдастыру технологиясын ендірілді. Бұл ең алдымен қосымша шығын мен уақытты, жұмыс күшін үнемдеуге ықпалын тигізді. Мәселен, 2015 жылы өнім көлемі артығымен орындалып, 15 миллиард теңгеге жетті. Ал 2016 жылы бұл көрсеткіш 17 миллиард теңгені құрады.

Зауыт «Казакстан Даму» банкінен 2015 жылы төменгі пайызбен 2,5 миллиард, 2016 жылы 1,5 миллиард теңге несие алды. Нәтижесінде 2015 жылдың жарты жылдығында экспорт көлемі 33 пайызға өссе, 2016 жылы бұл көрсеткіш 41 пайызға көтерілді.

Зауыт басшылығы алдағы уақытта экспортты 50 пайызға жеткізуді жоспарлап отыр.

Таяуда біз зауыт жұмысымен танысып қайттық. «Кентау трансформатор зауыты» АҚ басқармасының төрағасы Хайрулла Қожабаев бізге өндіріс ошағының тыныс-тіршілігімен егжей-тегжей таныстырды. Бірінші кезекте зауыт дағдарыстан дамуға бет алғанын аңғардық. Өндіріс орнының жұмысшылары үш ауысыммен жұмыс істейді екен. Өйткені, тапсырыс көп. Әсіресе, шетелден. Тіпті кей мемлекеттің кәсіпорындары 3 жылға дейін келісімшартқа отырып та қойған. Ал олардың тапсырысын дер кезінде орындау әріптестік қарым-қатынасты дамыта түседі. Демек, шетелдіктер тапсырыс беруін тоқтатпак емес.

Зауыт Еуразиялық экономикалық одақтың тапсырысы аясында өз өнімін шетелге көптеп экспорттауда. Жакында ғана Беларусьтан тапсырыс түскен. Осыған орай екі жақты келісімшарт түзілді. Сонымен қатар Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және басқа да елдерден тапсырыс көбейді. Ал отандық өнімді шетелге шығару үшін шекарада ешқандай мәселе туындамайды. Бұл, әрине, Еуроазиялық экономикалық одақтың өзара келісімшартының жемісі.

Машина жасау саласы бойынша Кентау трансформатор зауыты ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай тұңғыш рет 80 МВт-тық



трансформаторды құрастырып шығарылды. Бұл құрылғының бір данасының өзі Кентау секілді 10 қаланы электр қуатымен қамтуға қауқарлы. Қуатты трансформатор Астана қаласындағы «ЭКСПО-2017» көрмесі өтетін ең маңызды аймақты жарықпен қамтамасыз етеді деп күтілуде. Елімізде тұңғыш рет жасалған ТРДН-80000/110 трансформаторын «ЭКСПО-2017» көрмесі

әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасыларға көмек қолын созу секілді қайырымдылық істерден шет қалған емес. Быйлғы жартыжылдың өзінде 9 миллион теңгеге жуық қаражат қайырымдылық шараларына жұмсалған.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Оңтүстік Қазақстан облысы

Шаруа

Көктем шығып, тіршілік тамырына қан жүгіре бастады. Мұндай қам-қарекет қазір елдің көз келген түкпірінде жүріп жатыр. Себебі бұл мезгілдің әр күні қымбат. Осыны білетіндер уақытты жіберіп алмай, ұтымды пайдалануға тырысуда. Осы ретте жол түсіп Алматы облысы Балқаш ауданына барған едік. Негізгі мақсатымыз – Балқаш көліне құятын Іле өзенінің арнасын тазалау жұмысы қалай жүріп жатқанын көріп қайту.



ІЛЕДЕН БАЛҚАШҚА ДЕЙІН...

Біз «Балқаш мелиоративтік механикаландырылған отряды» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын орналасқан ғимаратқа табан тіредік. Байқағанымыздай, біраз аумақты алып жатқан мекеменің алдында техниканың небір түрі самсап тұр. Жұмысшылар көлігін шұқылап, жөндеу жұмысын жүргізіп жатты. Айта кетейік, бұл кәсіпорын осыдан он төрт жыл бұрын облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес құрылыпты. Содан бері мекеме қызметкерлері Іле өзенінің арнасын механикалық тазалау бойынша өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарып, бүгінге дейін халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Негізгі міндет – судың Балқаш көліне дұрыс жетуін қамтамасыз ету мақсатында Іле көзенінің арнасын тазалап, кеңейту, түбін тереңдетіп, Балқаш көлінің экологиялық жағдайын жақсарту.

Бұл жұмыстар Іле өзені арнасындағы судың қалыпты ағуына жағдай жасап, өзенге жақын орналасқан елді мекендерді су басу қаупінен сақтандыруға септігін тигізеді. Алғашқы жылдары мекемеге арна тереңдететін екі арнайы техника, «ЭО-2621» экскаваторы, Б-10-111-1Е бульдозер, катер, шынжыр табанды және тиегіш экскаваторлар мен басқа да техникалар сатып алыныпты. Сол кезден бері облыстың табиғатты қорғау бағдарламалары шеңберінде Іле өзенінің тармақтарын тазалау бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. Облыстық бюджет есебінен бөлінген қаражатқа 5,3 шақырымдық Нарын арнасы тазаланған. Қазіргі кезде Іле өзенінің Мұздыбай, Топар және Нарын тармақтарын механикалық тазалау бойынша жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленіп жатқан көрінеді. Ақпан айында облыстық мәслихат шешіміне сәйкес Іле өзенінің Жиделі-Қоғалы тармағын механикалық тазалауға бастама ретінде 50,1 миллион теңге қаражат бастабырылыпты. Ал жоба құны 167,6 миллион теңгені құрайды. Бұл жердегі жұмыс жайын мекеме басшысы Нұркен Қонысбаев әңгімелеп берді.

Оның айтуынша, былтыр Қараой елді мекеніндегі өзен тармақтары тазаланды. Жалпы, Іле өзенінің тармақтарын механикалық тазалау бойынша 2005 жылдан бері он бес жоба іске асырылып, барлығы 710,7 миллион теңге игерілген. Атқарылған іс-шаралардың аркасында 614 шақырым өзен тармағы тазаланды. Қазір өзендегі балықтың уылдырық шашатын кезеңі. Бұл үрліс сәуірдің он бесінен бастап, маусымның біріне дейін жалғасады. Сондықтан, оларды үркітіп алмай, алансыз көбеюіне жағдай жасау керек. Сол себепті тазалау жұмысы уақытша тоқтатылған. Қазір техникалар тексеріліп, ақауы бары жөнделіп жатыр. Нұркен Исатайұлы «Бізде отызға жуық техника бар. Бәрі жұмыс істеп тұр. Десек те, басым бөлігі ескірген. Өзен арнасының кейбір жеріне шынжыр табанды экскаватордың жетуі қиын. Осыны ескерер болсақ, бізге суда жүзетін экскаватор керек. Маусым кезінде елу шақты алам еңбекке тартылады. Олардың ішінде Темірбай Сүйіндіков, Қамбар Тілеулиев, Нұрайдар Битанов, Асылхан Дүйсекеев, Әлімбек Қосбаев секілді азаматтар талай жылдан бері еңбек етіп келеді», — дейді.

Осындай жұмыстың қиындығына төзіп, істің қыры мен сырын жете меңгерген тәжірибелі азамат Темірбай Сәрсекұлын сөзге тартып, атқаратын жұмысы жайлы сұрап білген едік. Айтуынша, ол мекеме құрылған күннен бастап жұмыс істейді. Алғашқы жылдары істің жайынан бейхабар еңбеккер бұл істің біраз қиындық туғырғанын айтты. Өмір бойы ауыл шаруашылығы саласымен айналысқан маман үшін алғашқы кезде су бетінде жұмыс істеу өте қорқынышты көрініпті. Соған қарамастан бәріне шыдамдылық танытып, жұмысты үйренуге тырысқан. Сол табандылығының арқасында бұл жұмысқа да қалыптасып, бүгінгі күнге дейін еңбек етуде. Бастапқы жылдары техника аз болыпты. Сол себепті жұмыстың басым бөлігі қолмен атқарылған.

Ал қазіргі жағдай мүлде басқаша. Заман талабына сай жабдықталған техникалар өнімді жұмыс істейді. Тек, дұрыс басқарсаң болғаны дегенді алға тартты білікті маман. Арнайы техника тетігін басқаратын Т.Сүйіндіков өзен табанын тазалап, су жолын ашады. Сондай-ақ ол ауыл жігіттерінен құралған ізбасарларын да тәрбиелеп жатыр. Оларға өзінің бар білгенін үйретіп, ақыл-кеңес береді. Зейнет жасына жақындаған кейіпкеріміз қазіргі жастардың мұндай жұмысқа төзімсіз келетінін айтты. Көбі қиындыққа шыдамайды.

Іле өзені – Балқаш көліне құятын ірі өзеннің бірі. Өткен жылдың күзінде осы өзендегі су деңгейінің жылдағы шамадан артық болуына байланысты өзенге жақын орналасқан ауылдардың шабындық жеріне су жайылып, шаруашылық иелерін тығырыққа тіреген. Осындай келенсіз жағдайдың алдын алу мақсатында Көксеу ауданының әкімі Ғалым Токпейісов қомақты қаражаттың қарастырылуына қол жеткізіп, нәтижесінде биыл Іле өзенінің аудан тұсындағы тармағының 33,4 шақырымын тазалау үшін облыс бюджетінен жетпіс миллион теңге көлемінде қаражат бөлінген. Бүгінде бұл қаржы мақсатты игеріліп жатқан көрінеді. Оған мекеме жұмысшыларының көктем шыға Іленің тармағы саналатын Топар өзенінің бойында тазарту жұмыстарын жүргізгені дәлел. Бұған дейін қалың қамыс басып, батпақ пен шөп-шалаңға шыланған өзен суының ағысы баяулап, Балқаш көліне жетпей жайылып, Топар ауылының шабындық және жайылымдық жерлеріне кері әсерін тигізіп, су басу қаупін тудырыпты.

Мелиоративтік отряд шілде айының соңына дейін Топар өзенінің 33 шақырымын қамтымақ.



Бүгінге дейін «Земснаряд-20», «Гуанчжоу-230», «Коматцу-220» экскаваторлары мен «Б-10» бульдозері сияқты техникалардың аркасында өзенінің біраз шақырымы тазаланып үлгерген. Аталған жұмыс қараша айында аяқталады деп жоспарланып отыр. Одан кейін Іле өзенінің басқа да тармағы тазаланатын болады. Осындай ауқымды іс-шараның арқасында Топар ауылдық округі маңындағы мал жайылымына жайылған су тартылып, қалыпты жағдайға түскен. Мамандардың айтуынша, Балқаш көлін құтқаруға бағытталған соңғы жылдардағы жұмыстардың нәтижесінде 15 мың шаршы шақырымды құрайтын жайылымдық жер шаруалардың игілігіне қайта қызмет ете бастапты. Сондай-ақ Балқаш көліне құятын судың көлемі артып, балықтың көбеюіне оң әсерін тигізген. Оларды аулау денгейі де бірнеше есеге артып, жануар мен өсімдіктің көбеюіне ықпал еткен.

Жалпы, биыл Балқаш көліне құятын Іле және Қаратал өзендерінің тармақтарын механикалық тазалау бойынша төрт жоба әзірлеуге облыстық бюджеттен 41,1 миллион теңге бөлінді. Қазіргі кезде бір жоба жүзеге асырылып, үшеуі екінші жартыжылдықта орындалады деп күтіліп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да ретімен жалғасатын болады.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ,
Алматы облысы



Жас қазақ: Биыл еліміздің Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін ресми түрде атап өткелі жатқанына 20 жыл толады. Бұл туралы тарихшылар аз айтпады. Көптеген ғылыми мақала жарық көрді. Дегенмен әр нәрсенің екі жағы болады демекші, әлі күнге бұл тарихи оқиға туралы бар шындық айтыла қойған жоқ. Жазаланғандардың кім екенін білсек те, жазалаушылар туралы сөз жоқ. Хангелді аға, бүгінгі жиынның тізгінін өзіңізге берсек.

Хангелді Әбжанов: Тарих-этнология институты кезінде «Әділет» қоғамын құрды. Ұйымның төрағасы осы біздің институттың директорлары болған. Сол дәстүрді жалғастырып бөлтір «Әділетті» қайтадан республикалық деңгейде құрып, оның төрағалығына мен сайландым. Біраз шаруаны атқардық деп айта аламыз. Дегенмен, мына заманда ой жеткенге қол жетпейтін себеп бар. Барлығы қаражатқа келіп

екенін дәлелдеді» — деді. Ал сол коммунизмді жарамсыз қылған осы қуғын-сүргін. Өз басым «либерализм тарих сахнасынан түсіп қалды» — дегенге сене қоймаймын. Либерализмнің потенциалын алдағы уақытта әлі көре жатармыз. Біз оны жокқа шығара алмаймыз. Бүкіл батыстың өмірі либерализм. М.Әуезовтің хатын білесіздер. Әлімхан Ермековтің хатын да білесіздер. М.Әуезовтің хатында «Алаш» деген сөз жоқ. Ал сол хатты анау Парижде жатқан Мұстафа Шоқай көріп таниды. Ол Әуезовті сынаған болып, оны қорғаған. Ол С.Асфендияровты сынағанысып, оны да қорғады.



Кеңес өкіметінің құлағанына ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, ел үшін құрбан болған дін өкілдері, 59-баппен жазаланған басқа да азаматтар әлі күнге дейін ақталмады. Бұл туралы «Жас қазақ» газеті мен Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының тарихшы-ғалымдары бірлесіп өткізген алқалы жиында айтылды. Басқосуда тарихи трагедия сан қырынан әңгіме болды. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай өткізілген жиынға институт директоры Хангелді Әбжанов, оның орынбасары Нұрлан Әділбекұлы мен Светлана Смағұлова, тарихшы Бейбіт Қойшыбаев, ғалым-хатшы Әзжан Пернебайқызы, ғылым докторы Айжамал Құдайбергенова, тарих ғылымдарының магистрі Ардақ Беркімбай, тарих ғылымдарының докторы Рашид Оразов, тарих ғылымдарының кандидаты Зирабүбі Теленова қатысты.

жатыр, арасында қандай ықпалы бар? Осыны анықтандар». Бұған кезінде біздің жазушыларымыз, малшы мен егіншілер де қатысқан. Қандай топтың бар екенін анықтау жұмысы өте құпия жүргізілді. Тергеу жұмыстарының нәтижесі осы 1937 жылы қуғын-сүргінге алып келген. Оған дейін қаншама ұлт зиялылары атылды, түрмеге қамалды. 1921-22 жылдары ашаршылықты білесіздер. Сол кезде «Семейден Торғайға жіберілетін малды өзі пайдаланып кетті. Дұрыс үлестірмелі», — деген сылтаумен, Жүсіпбек Аймауытовтан бастап қаншама қазақтың қарапайым азаматы істі болған. 4 жыл бойы сыртынан іс жүргізіліп, ақыры 1926 жылы Қызылордада 10 күндей сот болды. Міржақып Дулатовтың тікелей қатысуымен, «Еңбекші қазақ» газетінің араласуымен Жүсіпбек Аймауытов айыбынан толықтай ақталды. Ал оның қасындағы Ахмет-Сапа Жүсіпұлы, Ілияс Бәйменұлы, Ш.Құлжанұлы сынды азаматтар 1-2 жылға сотталады. 1925 жылы билікке Ф.Голощекин келген. Оған «Алашорданың ықпалы қалай? Соны анықтандар» — деп арнайы тапсырма берілген. Егер ықпалы коммунистердің арасында басым болса, оларды жасыту, қызметтен қуу мәселесін қолға алындар деген. Сөйтіп, ол Қазақстанға келген соң, өздерінің кіші Октябрь идеясын жүргізді. Сол кезде ұлт зиялыларын бақылаған. Қалай жүргізеді? Анықтағаннан кейін жікке бөлген. Қазақ ұлтының қаншама зиялысы «тазартуға» ілікті. Арасында Ілияс Омаров, Халел Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов ілікті. Әйелдердің арасынан «қара тізімде» мысалы, Шахзада Шонанова болды. Көпшілігіне «Сіз әлі күнге дейін Алаш идеясын дұрыс

ТЕКТІЛЕРДЕН АЙЫРЫЛДЫҚ

59-БАППЕН ЖАЗАЛАНҒАНДАР ҚАШАН АҚТАЛАДЫ?

тіреледі. Осы тақырыпта, осындай форматта бас қосып, пікір алмасақ деп бәріміздің басымызды қосқан «Жас қазақ» газетіне алғыс айтамыз.

Қуғын-сүргін 1937-38 жылдары ғана болған жоқ. Отар елдің бүкіл тарихы мен тағдыры қасірет. Махамбеттің басынан айырылғанымыз да, Амангелді мен Кенесары да сол отаршылықтың қысымында қалып, құрбан болғандар. Қуғын-сүргін дегеннің хронологиялық ауқымын кеңейтуіміз қажет. Революцияға дейін қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман сияқты болып қалады. Бізде отарлық деген қашанда халықтың соры екенін естен шығармауымыз керек. Елбасымыздың мақаласына (*Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру — ред*) орай тарихымыздың ақиқаты, қасіретін ашылады деп ойлаймыз. Ойымды толықтыру үшін сөзді белгілі тарихшы Бейбіт Қойшыбаевқа беремін.

Бейбіт Қойшыбаев: Негізінен үлкен репрессияның толқыны 1928-29 жылдары басталды. Идеологиялық тұрғыдан қуғын-сүргін ретінде 1930-жылдары қазақтарды соттады. Бізде көп ақиқат жабық күйде болғандықтан, ештенені білмедік. Тарихымызды түгел ашылды деп айта алмаймыз. Себебі ашылмаған дүние әлі де көп. Тұрардың (*Тұрар Рысқұлов — ред*) жасырын хаттары шыққан уақытта барлығы дүрлікте. Тіпті докторлық диссертация қорғауға келген жігітті қайтарып жіберген. Себебі Мәскеудің арғы шетінен Тұрардың хаттарын алып келген. Олардың хаттары құпия болды. Тұрар — біздің алдымызда идеал. «Тұрар да, Ленин де бір», — деп қараған адамдар болды. Оның еңбегін ешкім жокқа шығармайды. «Әділетте» біз оны талқылаған болатынбыз. Біз мына тарихи белді тұлғалардың көпшілігін зерттеп жатырмыз. Алайда менің айтатыным, оларды адами тұрғыдан зерттеу басқа мәселе. Санжар Асфендияров үлкен тұлға. Ол Сұлтанбек Қожанов екеуі бажа болған. Кезінде Қызылорданы Қызылорда қылған — сол Қожанов. Ал мені ойлантатын жағдайдың бірі «Неге сол кезде қазақ зиялылары өз арасынан қазақты бас хатшы етіп сайлауды ойламады?» — деген сұрақ мазалайды. Бір жағынан бір-бірін көре алмаушылық болды деп ойлаймын. Менің айтатын дегенім — біздің кадрлардың алауыздығы.

Хангелді Әбжанов: Ол заманда НКВД (*Халық ішкі істер комиссариаты — ред*) жазалаушы орган болды. Ең қауіпті, ең қатерлі, ең қатыгез. Сол қуғын-сүргінге Совет одағындағы барлық мекеме қатысты. Комсомол, пионер, мектеп, университет те атсалысты. Мирзоян 1937 жылы НКВД-ның 20 жылдығында: «Біз бәріміз НКВД-ның қызметкеріміз», — деп айтты. Осы Мирзоянның сөзі — ана заманның келбетін, қасіретін ұғынуға мүмкіндік беретін методологиялық пайым. Өйткені, 1937 жылғы газетті ақтарсаңыз, қазіргі Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде сұмдық жиналыстар жүрген. Барлық газеттер де бірін-бірі әшкерелеп жатты. Олар НКВД-ның бір-бір ұясы сияқты. «Менің еш қатысым жоқ», — деген бір ауыз сөз де жоқ. Бұл бір мәселе. Екінші мәселе, Елбасы мақаласында: «Коммунизм, фашизм, либерализм өзінің жарамсыз

М.Шоқайдың саясат саласында сұңғылалығы — шексіз. Әлкей Марғұланнның хаты сақталған. Ол айтады: Әй, мен аурумын ғой, жылдыханаға түстім. Мені қудаламандар», — дейді. Міне, жан сақтау үшін не істеу керек? Біз сол заманның зиялы қауымы көрген қасіретті ашып айтуымыз керек. Бұлардың бәрі коммунистік идеологияға сенген адамдар. Сұмдық идеология. Ал олар соны жариялады. Бірақ іс жүзінде бөлек болды. Үлесті сұмдық. Сондықтан оларды осы идеяға сенгені үшін айыптамайық. Үшінші бір ойым — осының бәрін «Абай жолы» романындай жазатын бір жазушы керек! Тарихшы керек! Ашаршылықтың трагедиясын біз әлі аша алған жоқпыз. Факті жетеді. Бәрі айтылды. Бірақ осының басын қосып, теориялық, методологиялық ұлттық мемлекеттік жағынан бір кешен жасалмай жатыр деген ойдамыз. Осы қасіреттің, қуғын-сүргіннің астарына үңілуіміз керек.

Айжамал Құдайбергенова: Жыл сайын осы күнді атап өтер кезде еліміздің тарихынан ауыр қайғыны әрдайым еске аламыз. Тәуелсіздік алуға ұмтылған азаматтарымызды аза тұта отырып, сол заманның қайғы-қасіретін ұғына отырып,

тағылған? Біріншіден, Алашорданың мүшесі болғаны үшін, екіншіден, жарна төлемегені үшін. Үшіншіден, партия жиналысына қатыспады деген айып тағылды. Бірақ бұл айып оған лайықты емес. Ең басты себебі — 1920 жылы Ленинге үлкен хат жазған. Сол хатында: «Алашордашылар — кеңестің билігін мойындадық. Мойындасақ та, әлі күнге дейін интеллигенция күдікпен қарап отыр. Одан кейін 1922 жылы ОГПУ (*бірлескен мемлекеттік саяси басқарма — ред*.) одан кейінгі КГБ (*мемлекеттік қауіпсіздік комитеті — ред*.) мынадай тапсырма берген: «Қазақ зиялыларының арасында қандай көзқарас бар, қандай топ бар? Сол топты анықтап беріндер. Олар қалай жұмыс істеп

Ардақ БЕРКІМБАЙ:

«Жазалау кезінде жеңілдік алғандар болды. Ал дін өкілдеріне өте қатал қарады. Оларды жауапкершіліктен босатқан жоқ. Бұларды барынша жазалауға тырысты. Балқаш, Шоқпар, Созақ көтерілісінде 8 имам ату жазасына кесілді. Одан кейін 12 имам жер аударылды»

деп ойлайсыз ба? Коммунистік партияның жүргізіп отырған саясаты дұрыс па? Кезінде Алаш партиясында жүріп, Алаштың идеясын жүзеге асыруға құмар болдыңыз. Неге сіз А.Байтұрсынов пен Ә.Бөкейханов идеясын қолдадыңыз?» — деген. Халел Ғаббасов екі рет тұтқындалды. Алдымен 1926 жылы. Онда да біреудің сыртынан шағымдануына байланысты. Екіншісі — 1928 жыл. Ол ұзақ уақыт түрмеде жатты. Ақыры 1930

жылы тергеу барысында оған «мойында» деген. Осы жылы атылған 40 адамның қатарында Халел Ғаббасов та бар. Одан кейін «Телжан Шонановтың идеясын сен неге бізге айтпадың? Оның жазғанын неге жария етпедің?», — деп Шахзада Шонанованы атқан. Ал қалғандарын он жыл дейін түрмеге қамалды. «Қуғындалғандарға кімдер жатады?» — деген сұрақ туындауы

мүмкін. Кезінде кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы келген азаматтарды жатқызуға болады. Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмаков, Ұзақбай Құлымбетов. 1931-33 жылдары Абыралы, Созақ, Шұбартау өңірлерінде көтеріліс болған. Сол көтерілісті бастаған кімдер? Имамдар, молдалар. Соларды жатқызуға болады. Көпшілігі әлі күнге дейін зерттелмей жатыр. Бұл туралы әріптесіміз Ардақ Беркімбай зерттеп жүр. Міне, біз қазақ ұлтының зиялыларын ғана зерттейміз де, ал қарапайым адамдарға әлі қолымыз жетпей жатыр.

Ардақ Беркімбай:

Қуғын-сүргінге ұшырағандардың арасында ерекше айтылуға тиіс топ — діни қызметкерлер. Ұжымдастырудың соны алапат аштыққа ұшыратты. 1929-31 жылдар аралығында кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске ұласты. Әділетсіздікке ұшыраған дін өкілдерін бөліп қарауға болады. Негізі, қазақ қоғамында дін өкілдерінің орны ерекше. Сондықтан бұлардың көзін жою — кеңестік жазалаушы күштердің басты мақсатының бірі болған. ОГПУ-дың кейбір мәліметіне қарайтын болсақ, Батпаққара, Торғай, Созақ, Балқаш,



қазақ халқының өміршендігіне шүкіршілік етеміз. Қазіргі 18 млн халқымыздың 67 пайызы қазақ екенін мақтан етеміз. Себебі XIX ғасырдың соңында ел халқы 81,7 пайызын құраған қазақ, 30 жылдан кейін жартысынан айырылса, 50 жылда 29 пайызға төмендеген екен. 1897 жылы — 81,7 пайыз, 1917 жылы — 59,8 пайыз, 1926 жылы — 58,5 пайыз, 1939 жылы — 38 пайыз, 1959 жылы 29,8 пайыз. Бұл сандар нені көрсетеді? Бұл тарихи қуғын-сүргіннің халық санын кеміткенін, XX ғасырдың бірінші жартысында орын алған ашаршылықтың демографиялық апаттың нәтижесін көрсетеді. Бұл сандар адамдардың еріксіз тағдырынан мәлімет береді. Сондай-ақ елдің бас көтерер ойшыл қауымына халыққа жасалған қуғын-сүргіннің нәтижесін көрсетеді. Кеңес заманында, «бір адам — бір адам, ал екі адам статистика» деп саналатын. Яғни осының салдарынан көп адамның аты белгісіз, санның ішінде ғана кетті.

Светлана Смағұлова: Қуғындауға Ахмет Байтұрсынұлы ілінген екен. Оған қандай айып



Абыралыда дін өкілдері тұтқындалған. Көтерілісті ұйымдастырған Асадулла Ибрагимов, Мұқантай Саматов, Жұмағазы Баймыбетов сияқты көрнекті дін өкілдері белгілі. Болшевиктер партияның идеологиясын енгізуге кедергі жасайтын ислам діні екенін білген. 1929–31 жылдардағы көтеріліс кезінде көрнекті дін басыларын жазалау барлық өңірді қамтыды. Ол осы көтерілістерге байланысты молда, имам бәрін бірден тергеуге алып кеткен. Жазалау кезінде жеңілдік алғандар болды. Ал дін өкілдеріне өте қатал қарады. Оларды жауапкершіліктен босатқан жоқ. Бұларды барынша жазалауға тырысты. Балқаш, Шоқпар, Созак көтерілісінде 8 имам ату жазасына кесілді. Одан кейін 12 имам жер аударылды. Қызылорда облысы Қармақшы ауданында Ақмырза Ишанның көтерілісі болды. Сол туралы макала жаздым. Газеттеріңізге ұсынғым келіп отыр.

Жас казак: Жаксы. Бұл туралы оқырман қауым біле бермейді. Газетке жариялаймыз. **Хангелді Әбжанов:** Сіздердің газеттеріңіз Ұзақбай Құлымбетов туралы да өткен жылы жариялаған. Бүгін сол кісі туралы кітап шықты. Соны сіздерге таныстырғым келіп тұр. Онда тек қана зиялылар емес, ату жазасына кесілген қарапайым адамдардың да тізімі бар. Мысалы, 1938 атылып кеткен Александр Осипенко ұлты украин. Мамандығы — етікші. Андрей Осипенко 1938 жылы атылған. Өзі ағаш ұстасы. Немесе Сұлтан Оспанов деген азамат аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болған. Островский деген азаматтың ұлты поляк, мамандығы — есепші. Бұл — тізімнің бір беті ғана. Ол жерде

орынбасары болып қызмет атқарған. Сонымен қатар қазіргі Абай атындағы педагогикалық университетінде тарих факультетінде профессор болған. Оның қазақ ұлтынан шыққан ең алғашқы профессор екенін де білесіздер. Үйін тінту кезінде көптеген қолжазба мен жинаған кітабы жоғалып кетті. Тұтқындалғаннан кейін оны көпшілік алдында әшкерелеу басталды. «Халық жауы» деп көрсетіп, қызметінен қуды. Сонымен қатар оған «Қазақ тарихын бұрмалады» — деген айып пен газет беттерінде көптеген материал жарияланды. С.Асфендияровпен бірге оның жары Рабиға Лапина да репрессияға ұшырады. 1937 жылы қыркүйек айында Рабиға Лапина жұмыстан шығу туралы арыз жазған. Біз Ұлттық кітапхананың мұрағатынан осы құжатты таптық. С.Асфендияровка халық жауы, революционер Жапония, Германия, Англия елінің тыншысы сынды көптеген айып тағылған. 1938 жылы ақпан айында ату жазасы үкімі шықты. Сонымен қатар сол жылы қазақ зиялыларының бір тобы да ату жазасына кесілді. С.Ескараев, Т.Жүргенов, Ұ.Құлымбетов, С.Мендешев, М.Жылысбаев сынды азаматтар да атылған. С.Асфендияровтың немересімен кездесіп, қаза болғаны туралы құжат алдым. Құжатта не себептен қаза болғаны көрсетілмеген. Жазаланғандардың кейбірі атылған, кейбірі солтүстікке айдалған. Сондықтан да олардың нақты неден қаза болғаны туралы құжат та, мәлімет те жоқ. Ал балаларының тағдыры мүлдем бөлек. Кіші қызы Әділет Ташкентке, үлкен қызы Әлия Мәскеуге жіберілген. Үлкен қызы еврейге тұрмысқа шыққан.

ТЕКТІЛЕРДЕН АЙЫРЫЛДЫҚ

59-БАППЕН ЖАЗАЛАНҒАНДАР ҚАШАН АҚТАЛАДЫ?

қытай да, еврей де жатыр. Бүкіл ұлттар бар. Ал енді бұл репрессия 1917 жылдан бастап, 1991 жылға дейін созылған. 1920 жылдың аяғында бір толқын,1937 жылдың аяғында екінші толқын, 1950 жылдың басында үшінші толқын, 1986 жылы төртінші толқын соқты. Бұл осылайша үздіксіз жалғаса берді. Халқымыздың ұлы тұлғаларын, қарапайым еңбек адамдарын қан-қаксатты. Ж.Аймауытов атылды. 1937-38 жылдары 100-ден мыңға дейін адам атылды. 1940 жылдың аяғы мен 1950 жылдың басында Е.Бекмаханов, М.Әуезов, К.Сәтбаевтар қудаланған кез. 1986 жылғы көтерілісінен кейін Қ.Рысқұлбеков атылды. Қаншама студент оқудан шығарылды. Ректорлар қызметінен қуылды. Міне, біз репрессияны советтік елді толық қамтыды деп айтуға негіз бар. Барлығын белгілі бір заңға сүйеніп, қылмыстық кодексе есебінде соттады. Арамызда соңғы жылдары Санжар Асфендияровты зерттеп жүрген Алмас Жүнісбаев отыр. Оның да ойын білейік.

Алмас Жүнісбаев: Менің ойымша, бұл біріншіден, ұлттық трагедия. Тек қазақ елін емес, басқа да ұлттардың қасіреті. Себебі қуғын-сүргінге тек қазақ қана емес, өзге ұлт өкілдері де ұшырады. Бұл мәселені зерттеуге жол ашылған күннен бастап қаншама еңбек жазылды. Зерттеулер әлі де аз. Ал бұл трагедияның аумағы өте ауқымды. Ол өзі нағыз интеллигенция отбасынан болған. Әбілхайыр хан мен анасы жағынан Абылай ханның ұрпағы. С.Асфендияров тұтқындалған уақытта Қазақ Ғылым Академиясы басшысының

Хангелді Әбжанов: Бір ғана Асфендияровтың тағдырынан біздің халқымызға келген бір кесепатты байқауға болады. Бұлар тектіден тектіні алған жандар. Осы тектілікті жойдык.

Қыздары Ташкент кетті, Мәскеу кетті. Ал сол Мәскеуге кеткен қызының ұрпағы 1989 жылы келді. Атасы туралы түк білмейді. Оны бар болғаны «ұшақпен келіп кетуіне ақша төлене ме?» — деген ой мазалаған. Осындай тектілік С.Сейфуллиннің, Жұбановтың да әулеті бойынша жойылды.

Бұлар қазақтың тұқымдық жағынан келгенде ерекше бір бағалы құндылығы еді.

Зирабүбі Төленова: Осы ұлт зиялыларының ұрпақтары не болды? — деген сұрақ мені де мазалайды. Шәкәрімнің ұрпағы Алтай асып кетті. Зият Шәкәрімұлының тағдыры өте аянышты. Зиятпен бірге кеткен Шәкәрім мен Абайдың қолжазбалары Қытай елінде екенін ашық айтуымыз керек. Зият өзге елде өкесінің шығармашылығын насихаттаумен қатар, медіресе ашып, қазақ балаларының білім алуына жол ашты. Ал Зияттың қалай өлгені белгісіз. Кейбір деректерде «Қытай түрмесінде атылып кетті» деп айтылады. Кейбірінде НКВД араласуымен кеңес еліне қайта алынды делінген.

Айжамал Құдайбергенова: Бұл жерде айтылмай қалған бір нәрсе бар: 110 мыңдай адам қуғын-сүргінге ұшырады. Қанша адамның қуғын-сүргінге ұшырап, қаншасы ашаршылықтан қаза болғаны туралы нақты дерек жоқ. Өз басым ашаршылықты 1929 жылдан бастаймын. Өйткені, 1929 жылы Маңғыстауда ашаршылық



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



болып жатты. Ал осы 1929-33 жылдар аралығында ашаршылықтан әр аймақ бойынша қаншама адамның қырылғаны туралы мәлімет болғанымен, сандық жағынан нақты емес. **Жас казак:** Репрессия кезінде мынанша адамнан айырылдык деп нақты көрсеткішті келтіре аласыз ба? **Айжамал Құдайбергенова:** Ресейлік зерттеушілердің айтуынша, 1 млн 400 мыңдай адам сыртқа кеткен. Ал оның дәлелі ретінде Қазақстаннан сыртқа кеткендер туралы хаттар бар. Ал біздің зерттеушілер сыртқа кеткені мен қоса өлгені 2 миллионнан аса адам деп көрсетеді. Мысалы, біз экспедиция кезінде Ақтөбеден сол замандағы халықтың саны туралы құжатпен таныстық. 1937 жылы тұрған адамдардың саны бар. Яғни осыларды терең зерттей отырып, біраз мәлімет табуымызға болады. Одан бөлек, 1939 жылы елде халық саны 1936 жылмен салыстырғанда 3 млн 575 мыңнан 2 млн 327 мың адамға дейін немесе 1 млн 248 мың адамға азайған дейді. Бұл жалпы Қазақстан бойынша.

Жас казак: Ашаршылықтың нақты себебі анықталды ма? Кейбір деректерде «ақша болса да, ештеңе сатып ала алмаған. Қазаққа азық-түлік берілмеген. Малың тартып алған. Өзге ұлттарға мұндай қысым көрсеткен жоқ», — деп жатады. **Хангелді Әбжанов:** Ең басты себеп — қазақтың малын тартып алды. Ал жиналған мал азығы жоқ болғандықтан, тау-тау болып, сол жерде қырылып қалды. Ал малымен ғана күн көріп отырған қазақ халқы бір күннің ішінде малсыз, азық-түліксіз қалды. Жан-жаққа босып кетті. Барған жерінде де жағдай жақсы болды деп айта алмаймыз. Сөйтіп, қазақ қырылды. Себеп ата-көсібінен айырып, малын тартып алған. Саясаттың сорақы қателігінен осылай болды. Ал Украинада басқашалау. Әскер қоршап алып, елді мекеннен шығармай қырды. Халықтың 16 пайызы қырылған. Ал бізде халықтың 50 пайызы опат болды. Шығынның мөлшерін осыдан қарай берініз.

Жас казак: Осы қуғын-сүргін кезінде қазақтың Абай, Шәкәрім сынды ғұламаларының ұрпағы ілінді ме?

Хангелді Әбжанов: Бәрі ілінді. Репрессияға дейін-ақ атылып кетті. 1933 жылы ма, Шәкәрімнің ұрпағы атылды. Абайдың бүкіл тұқымы Семейден қашып, Бішкекке барып тарыдай тозып кетті. Бұл репрессия қазақтың маңдайалды ұлдары мен қыздарының бәрін таптап өткен тажал болды. Ораз Жандосовтың ұлы орысқа үйленді. Егер қалыпты жағдаймен әрі қарай жүргенде, бұлардың ұл-қыздары басқамен отау құрмас па еді. Тектілік жалғасатын еді. Ал бұл біздің әлі де генетикалық тұрғыдан зерттелмей жатқан бір проблемамыз. Ал біздің қазақ ата-бабаларымыз тектілікке аса мән берген.

Зирабүбі Төленова: Осы қуғын-сүргіннің зардабы өте көп. Тектілікті жоюдан бөлек, адамдардың санасында, жүрегінде үрей, қорқыныш сатқындық орнады. Ертең тұқымым құрып кетеді деген үрей әлі күнге бар. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» деген мақаласында осы сананы жаңғырту деген мәселе өткір қойылып отыр. Шындығында да, санамыз уланған. Біздің санамыз алданған сана. Біздің санамыз өтірік құндылықтармен утопияға ұрынған. Осыдан құтылып, біз таза ұлттық, мемлекеттік санаға көшсек, өз межемізге жетер едік.

Жас казак: Бір кездері репрессия құрбандарына өтемақы төлеу мәселесі көтеріліп еді. Соның нәтижесі қалай болды?

Хангелді Әбжанов: Кезінде С.Асфендияров, С.Сейфуллин ақталғанда екі айлық көрсеткіші көлемінде ақша берілді. Осымен өтемақы төленді. Ал оның үйі қайда кетті? Жинаған кітаптары, дүние-мүлкі қайда кетті? Ол есептелген жоқ. Егер еліміз бір шалқыған байлыққа қол жетсе, бұл мәселе де көтеріліп, репрессия құрбандарына да өтемақы берілер еді. Ал кейінгі 1954 жылы сотталғандар әлі ақталған жоқ. Талас Омарбековтың кітабында 10-20 беттей тізім бар. Кім атылды, кім сотталды, кім қамалды — соның бірі де ақталған жоқ. Мұны ақтау болашақ тарихшылар мен білігіміздің еншісінде.

Дайындаған
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ,
Жарас КЕМЕЛЖАН

Тақырыпқа орай

АҚМЫРЗА ИШАН КӨТЕРІЛІСІ

1929-1931 жылдардағы көтерілістерге белсене қатысты деген айыппен тұтқындалған, олардың әлеуметтік құрамын көрсеткен жазалау органдарының кейбір мәліметтерінде дін қызметкерлерінің саны көрсетіледі. Батпаққара, Торғай, Наурызымда 12, Созақта 14, Балқашта 2, Көкпектіде 2, Абыралыда 5 имам мен молдалар жауапқа тартылып, жазаланды.

Көрнекті дін басылары көтеріліс ұйымдастыру мен басқаруда үлкен рөл атқарды. Кеңес үкіметі дінді «апиын» деп жариялауға тырысты. Дін өкілдері мен дін жолымен жүрген қарапайым халықты да қуғынға ұшыратты. Болшевиктер партиясы өзінің идеологиясын іске асыруда келергі болатын басты жау деп дінді есептеді. Өзінің ата діні ислам жолымен жүрген қазақ қоғамы да дінсіздендіру саясатына ұшырады. Әр жердегі мешіт-медіреселер қойма мен кеңсеге, мал қорасына айналдырылды. Қиратылып, құрылыс заттары басқа нысандар салуға пайдаланылды.

1929-1931 жылдары болған көтерілісті жазалау кезінде халық арасындағы дін өкілдерін түгелдей дерлік қамтыды. Оларға «әлеуметтік қауіпті элемент» деп қарап, қоғамнан мүлде аластатуға тырысты. Тұтқындалған бірде-бір дінбасы босатылып, ақталған жоқ. Бостандық, Тактакөпір, Созак, Сарысу, Талас, Батпаққара, Балқаш, Шоқпар көтерілістері кезінде 8 имам мен молда ату жазасына кесілді, 12-сі өртүрлі мерзімге сотталып, жер аударылды.

Тәркілеу мен ұжымдастыру саясатына қарсы болған көтерілістің бірі — 1930 жылғы Ақмырза ишан көтерілісіне тоқталып өтейік. Ақмырза ишан 1881 жылы Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы Қуандария бойында дүниеге келген. 11 жасынан бастап Бұхара шаһарындағы Көкілташ медіресесінде оқыған. Оны үздік бітіргеннен кейін Ыстамбұлда

оқуын жалғастырып, 16 жылдан кейін елге оралады. Елге келген соң жергілікті халықтың көмегімен мешіт ашып, балалардың сауатын ашумен айналысады. Асыраушысы жоқ панасыз қалған жетім-жесірді жинап, мешітке түскен қаржыны соларға бөліп беріп отырған. Қуандарияның бойындағы суармалы жерлерге арпа, бидай, тары, қуаын, қарбыз еккізіп, халықты кесіпке баулиды.

Сыр елінде жаппай тәркілеудің (*қамтеске*) арты аштыққа ұласып, халық күйзеліске түскен кезде, шөлақ белсенділер ел үстінен күн көргендерімен қоймай, қолда қалған азын-аулақ мал мен жүйкегітеі қауынды да тартып әкетеді. Қарсыласкандарды ұрып-соғып, зорлық-зомбылық көрсетеді. Ел басына төнген қайғы-қасіретті көзімен көріп, үнсіз, қимылсыз отыруды өзінің бойына мін санаған Ақмырза ишан «Босқа аштан қырылғанша, наразылық танытайық, өкіметтің назары түсіп, бізді де елеп-ескерер», — деген екен.

1930 жылдың наурызында Цукановтың жазалаушы отряды Қарак елді мекеніне жақындап қалған кезде көтерілісшілердің қарауылда жүрген тобымен қактығысып қалады. Арада біршама уақыт өткен соң 300-дей салт атты көтерілісшілер қырқаға шығып, жазалаушы отрядпен бетпе-бет келеді. Ақмырза былай дейді «Біз қаруымызды тастаймыз. Бірақ сіздер де қаруынызды тастаңыздар. Сонан соң әңгімені мешітке барып жалғастырайық». Ешқандай нәтиже бермеген даладағы бұл әңгіме бір сағатқа созылады. Келісімге келе алмаған екі топтың арасында қактығыс болады. Ұрыс кезінде көтерілісшілердің біразы окқа ұшқан. Жазалаушы отрядтан төрт жауынгер өліп,



бесеуі жаракаттанады. Дегенмен көтерілісшілір олардың мініс аттарын, 3700 оғы бар жүк арбасын, 70-ке тарта винтовка мен 15 күнге жететін азық-түлігін өздерімен бірге әкетті. Артынша көтерілісшілердің соңына түскен жазалаушылар қолға түскен жаралылардың айтуымен Ақмырза ишанның да окқа ұшқанын естиді. Жазалаушы отрядтың басшылары ОГПУ-дың орталық органдарына жедел түрде хабарлама береді.

Бірақ арада бірнеше күн өткеннен кейін, қолға түскен көтерілісшілердің алдап соққаны белгілі болды. Енді Ақмырзаның соңына Жалұль бастаған жазалаушы ОГПУ отряды түсті. Шөлақ белсенділерден қорлық көрген, ет дайындау мен астық өткізу салығынан әбден мезі болған халық көтерілісшілерге күн санап қосылып жатты. Жазалаушы отрядқа Ақмырза ишан бастаған көтерілісшілер шабуыл бастайды. Көтерілісшілер бірнеше рет ілгері ұмтылса да пулеметтен жаңбырша жауған оқ нашар қаруланған оларды беттетпейді. Екі жарым сағатқа созылған ұрыста көтерілісшілер 107 адамынан айырылған, 150 адам жаракат алған. Олардың бірде-бірін жау қолына қалдырмаған көтерілісшілер кейін шегінеді. Осы шайқаста Ақмырза ишан да мерт болған.

Дегенмен ел аузында жүрген әңгімелерде Ақмырзаның қалай қаза болғаны басқаша әңгімеленеді. Қоршауға түскен Ақмырзаның қолы қашып құтыла алмасын сезіп, жауынгер

шәкірттері ұстазын айналсоқтай береді. Сонда Ақмырза шәкірттеріне: «Маған қарайламандар, мен шейітпін!» — дейді. Қоршаудан ең соңында өзі сытылып шығып, мешітке жетіп, құбылаға қарап, намаз оқып отырғанда артынан қуғыншылар да келіп жетеді. Бірақ олар батыр имамды ұстауға бата алмай, намаз оқып отырғанда ту сыртынан атады. Онымен қоймай, мешіт-медіреселегі барлық көне діни кітаптарды, заттарды үстіне үйіп өртейді. Мұнымен де тоқтамай, мешітті құлатып кетеді.

Шәкірттері Ақмырзаның денесін түнде ұрлап алып, арулап жер қойнына тапсырған екен. Сондағы танданарлығы — Ақмырза отта ишанның денесі өртенбепті. Ел арасындағы тағы бір әңгімеде «жазалаушылар ишанның сол жақ білегін қылышпен шауып түскенде қан шықпапты» — деген де аңызға ұқсас деректер айтылады. Бір анығы, Ақмырза ишан кезінде «Түрік иман» деген дүние жазса керек. Бірақ қолжазба осы аласапыран кезінде жоғалып кеткен.

Осы саяси қуғын-сүргінде халықты аясыз жазалаған кеңес өкіметінің құлағанына ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, ел үшін құрбан болған дін өкілдері де, 59-баппен жазаланған басқа да азаматтар әлі күнге дейін ақталмай отырғандығы қыжжылтады. Осы мәселе тезірек шешімін тапса дейміз.

Ардак БЕРКІМБАЙ,
тарихшы

Ынтымақтастық

Орталықтың ашылу рәсіміне арналған салтанатты жиында «Қазақстан теміржолы» АҚ вице-президенті Қанат Алпысбаев, ҚХР-дың Қорғас қаласы әкімшілігі партия комитетінің хатшысы Ван Ган, «Идин» Шанхай инвестициялық директоры Гэ Зяньпинь, Казакстан тарапынан

«Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығының Қазақстан жағында «Барыс» деп аталатын алғашқы инвестициялық нысанның ашылу салтанаты өткізілді. Іс-шараға қытай елінің өкілдері, Панфилов ауданы әкімдігі, «Қорғас» ШЫХО АҚ, «Хоргос-КАТ» ЖШС инвестор компаниясының қызметкерлері қатысты.

ИНВЕСТИЦИЯ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ



Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Шұхрат Құрбанов, «Қорғас» ШЫХО АҚ президенті Василий Ни сөз сөйлеп, шараға қатысушыларды құттықтады.

«Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының шекарасының шектес аймағында орналасқан, қазақ-қытай бірлескен жобасы. Жалпы ауданы 560 гектар жерді қамтиды. Орталық екі бөліктен құралған. Қазақстан жағы — 207 гектар, Қытай жағы — 343 гектарға орналастырылған. Бұл жоба Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы шекаралық сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени байланысты дамыту мақсатында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2002 жылғы 22-25 желтоқсанында қытай еліне ресми сапары кезіндегі екі мемлекет басшыларының бастамасы бойынша жүзеге асырылып келеді.

Шекараға шектес аймақта әріптестікті дамыту мақсатының басты қағидасы — Қазақстан, Қытай және өзге үшінші мемлекеттердің азаматтарына шекара аумағында 30 тәулікке дейін визаны рәсімдеусіз еркін жүріп-тұруына мүмкіндік жасау.

«Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы жобасы бойынша біздің жақта 56 инвестициялық нысан құрылысы жоспарланған, атап айтқанда, орталық алаң, колөнершілер қаласы, конгресс-холл, 4 сауда галересы, ашық базар, сауықтыру кешені мен 3 сауда үйі. Қазір бұл орталыққа күнделікті 1200-ден 1800-ге



дейін, ал демалыс және мейрам күндері 2000-ға дейін адам сауда-саттық жасап келіп-кетеді.

Бүгінде бұл орталық әлемде теңдесі жоқ жаңа жоба. Ол өндірістік, көліктік әлеуетке капитал жұмсауға, шағын және орта бизнесті барынша табысты етуге кенінен мүмкіндік береді. Біздің инвестициялық саясатымыздың басымдылығын арттырып, бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтерді дамыту және құру, сондай-ақ олардың әлемдік нарықтағы белсенділігін арттыруға жағдай жасайды.

Болашақ «Қорғас» арнайы экономикалық аймағы кешенді бірнеше бөлімдерден тұратын болады. Мысалы, мұнда үлкен транспорт терминалы, сауда көрмесі, келген адамдар ашық аспан астына шықпай жалғастыра аралайтын сауда павильондары, бір мезетте 5 мың адам қабылдайтын мүмкіндігі бар қонақүй кешені жасалады. Шекаралас мемлекеттердің қаржы және өндірістік ұйымдарының ірі халықаралық кездесулерін, конференцияларын, симпозиумдарын өткізуге арналған орындар салынбақ. Сол сияқты офистер, мейрамханалар, казино, кинотеатр, 70 мың адам қоныстанатын көпқабатты тұрғын үйлер, мектеп, балабақша құрылысын жүргізу жобаланған.

Сөйтіп, еліміздің оңтүстік шығысындағы шекарасы Қорғаста алдағы уақытта инфрақұрылымы өте жоғары деңгейдегі, әлем назарын өзіне аударатын сән-салтанатты қала пайда болмақ. Бұл тек қазақстандықтарға ғана емес, барша Орталық Азия және Еуропа елдері үшін шығысқа ашылған үлкен қақпа. Мұндай шекаралар арасындағы экономикалық аймақ әлемнің ешбір елінде әлі жасалған жоқ.

Аланңың ашылу салтанаты аясында «Жаркент әуендері» ансамблі он шырқап, шараға жиналған шетелдік қонақтарды ұлттық сазбен сусындатты.

Бизнестің жол картасы – 2020

Облыстық мәслихат депутаты Асқар Сүлейменов төрағалық еткен жиында алғашқы сөз кезегі аудан әкімі Махаббат Бигелдиевке беріліп, ол Елбасы тапсырғандай, кәсіпкерлік саласының қарқынын күшейтіп, оған қаржылай қолдауды арттыруға арналып отырған, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге ұйытқы болатын бұл басқосудың маңыздылығына тоқталып, жиынға қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар облыстық мәслихат хатшысы Сұлтан Дүйсенбинов те өзінің жылы лебізін білдірді.

Күн тәртібінде «Алматы облысында үдемелі индустриалдық-инновациялық дамыту және «Бизнес жол картасы — 2020» бағдарламасы бойынша орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту, жеке кәсіпкерлікті қолдау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар мен осы мәселелер бойынша болашақта қойылған міндеттер, мал шаруашылығын несиелендіру және субсидияландыру сияқты мәселелер қаралып, «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «Ұлттық компаниясы» АҚ атқарылып жатқан жұмысы талқыға салынды.


Олар бойынша облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық басқарма басшысы Маржан Мұрат, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің

Қазіргі таңда елімізде мемлекет отандық өндіріс ошақтарын жандандырып, қазба байлықтардың ел игілігі үшін қызмет етуіне оң ықпал етіп келеді. Бұл әлбетте, жұртшылық үшін жұмыс орындары ашылып, халықтың әл-ауқатының артуына, экономиканың ілгері дамуына септігін тигізбек. Бастөбе ауылдық округінде ірге тепкен «KazSilicon» металлургиялық комбинатында – кварц өндірісі қарқын алып, ісін дөңгелетіп отырған кәсіпорынның бірі.

Тарихқа көз жүгіртсек, аудандағы Сарыкөл кенішінен кварц шикізатын игеру жұмыстары сонау жетпісінші жылдан бастау алыпты. Кен орнында 1 млн 740 мың тонна шикізат қоры бар деп есептелінген. Аталмыш кен орнынан табылған желілік кварцтың химиялық айрықша тазалығымен ерекшеленеді. Сол кезде теміржол желісі арқылы шикізат Ресейге жөнелтіліп, кварц әскери өндіріс бағытында пайдаланып, дәлдікті қажет ететін оптикалық шынылар жасау үрдісі кең етек алған екен. Тәуелсіздік алған жылдары кварц өндірісі біраз уақыт саябырсып қалғанымен, 2006 жылдан бастап қайта жандана бастайды. Алғашқыда Сарыкөл кенішінен жылына 10 мың тонна кварц өндіру жоспарланған болатын. 2011 жылы аталмыш зауыт «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының қолдауымен мемлекеттік арнайы бағдарлама аясында іргелі кәсіпорынға айналып, «KazSilicon» зауыты деп аталады. Осы тұста Сарыкөл кенішінен алынған кесекті кварцтан металлургиялық кремний өндіріле бастайды. Десек те, 2015 жылы қараша айында кремний өндірісі электр энергиясы құнының өсуі және әлемдік нарықта металл

Жаңа технология

Космос ауылындағы Мәдениет үйінде өткен жиынға облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, аудан әкімі Бинәлі Ысқақ, «Адал» агроөнеркәсіп кооперативі» акционерлік қоғамының бас директоры Серік Смайылов,



сондай-ақ қала мен аудан әкімдерінің орынбасарлары, ауыл шаруашылығы бөлімінің басшылары және фермерлер қатысты.

Семинар-кеңесті облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров ашып, жүргізіп отырды. Алғаш болып сөз алған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сексембай Бекішов өңірдегі асыл тұқымды ірі қара

Қарасай аудандық әкімдігінің мәжіліс залында Алматы облыстық мәслихатының «Индустриялық, энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту, шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау мәселелері бойынша», «Аграрлық сала, жер қатынастары және экология мәселелері бойынша» және «Бюджет, тарифтік саясат және заңдылықты сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша» тұрақты комиссияларының жұмыс жоспарының негізінде көшпелі отырысы өтті.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ



басшысы Ақшолпан Марат, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қойымышан Омаров, облыстық ауыл шаруашылығы және «Жетісу»

бағасының күрт төмендеуі салдарынан уақытша жұмысын тоқтатты. Әйтсе де, қазіргі таңда кварц өндірісі қарқын алуда. Былтырғы жылы Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы зауыттармен келісімшартқа отырып, 20 мың тонна кварц жөнелттік. Биылғы жылы да осы көлемде кварц шикізатын жөнелтуді жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда зауытта 80 жұмысшы, 50-ге жуық техника жұмыс жасауда. Қазылған кең теміржол, автокөлік арқылы жөнелтіледі, — дейді «KazSilicon» металлургиялық комбинатының коммерция жөніндегі директоры Жандос Нұрпазылов.


Оның айтуынша, кварц әртүрлі бағытта пайдаланады. Мәселен, Талдықорған, Алматы, Шымкент қаласындағы кішігірім

кремнийден күн батареялары жасалады. Ол үшін кремнийдің өзін 3 рет балқыту қажет. Кремний өндіру үшін көлемі 20-80 миллиметр болатын кварц қажет, — дейді Жандос Ертауұлы Сарыкөл кеніші жұмысымен таныстырып.

Мұнда арнайы техникалардың бірі — жер бұрғылып, тау қопару жұмысына дайындық жұмысын жүргізіп жатса, кеніштің өзге жағында экскаваторлар үлкен жүк көліктеріне ұсатылған кенді тиеп жатыр екен. Тас үгіткіш техникалар кварц кенін тапсырыс берушінің тілегіне орай қажетті көлемде ұсату жұмыстарын жүргізуде. Кеш ашық әдіспен алынады. Ең алдымен жерді бұрғылап, жарылғыш зат салып, тау-тасты жарады. Кейін экскаватормен кенді қазып алады да, кварц бөлек, гранит бөлек жиналады.

Сосын үккіштен өткізіледі. Адамның ақыл-ойымен басқарылатын заманауи техникалар күндіз-түні дамыл таппай, кен қазу, үгіту жұмыстармен айналысып жатыр.

Міне, Сарыкөл кенішінен алынған қазба байлық аудан экономика-сының дамуына да оң ықпалын тигізуде. Зауыт басшылары кварцтың бағасы аса қымбат болмаған соң мың шақырымнан астам жерге шикізат тасымалдау тиімсіз екенін айтады. Болашақта өндірістік бағыт қайта қараудан өткен соң кремний өндірісін қайта жолға қоюды жоспарлап отыр. Қазіргі таңда көршілес Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан секілді көршілес мемлекеттерге кварц жеткізу бағытында келіссіздер жүргізіліп жатыр.



Өңірде ірі қара өсіру және сүт өндірісі бойынша атқарылған шаруа көп. Дейтұрғанмен, Жетісу сияқты шөбі шүйгін, топырағы құнарлы құт мекен үшін бұл, әрине, аздық етпек. Бұдан да биік межелерге қол жеткізуге мүмкіндік мол. Ол үшін не істеу керек? Оның қандай тиімді жолдары бар? Міне, осы мәселелер «Сүтті ірі қараның санын көбейту және сүт өндірісін дамыту» атты облыстық семинар-кеңесте кеңінен сөз болды.

СҮТ ӨНДІРІСІН ДАМУҒА КЕРЕК

малының өсімі мен сүт өндірісінің көлемі туралы баяндалды.

Бүгінгі таңда облыста 13,2 мың бас ірі қараны топтастырған 51 тауарлы сүт фермасы жұмыс істеп тұр. Өндірілетін сүт көлемі жылына 40 мың тоннаны құрайды. Алайда өңірде 588 мың бас сүтті ірі қара бар десек, оның 65 пайызы үй шаруашылықтарында шоғырланған. Бірақ онда сауылған сүттердің сапасы стандартты емес.

Қайта өңдеу кәсіпорындарының талабына сай келмейді. Сапалы сүттің аздығы өндіріс орындарының қуатын арттыруға қолбайлау болып отыр.

— Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев аграрлық саланың дамуы кооператив құрумен тікелей байланысты екенін атап көрсетті. Сондықтан да үй шаруашылықтарының әлеуетін арттыру керек. Сол мақсатта ауыл шаруашылығы кооперативтерін

Бетті дайындаған Қуаныш ТҮНҒАТАР,
Алматы облысы

Жәдігер

Арада бір ай өткенде бауырым: «өлгеніміз тірілді, өшкеніміз жанды» деп қуанышы қойнына сыймай келіп тұр.

— Не боп қалды? — деймін ғой баяғы.

— ПОЛО дегеніміз — біздің ата-бабаларымыздың өнері екен, — дейді.

Шежіренің бәрін қазақтан таратып, Шыңғыс ханнан бастап ұлы тулғалардың бәрін

Осыдан екі жыл бұрын ініме (Сәрсен Құранбек, Шөген федерациясының вице-президенті – ред.) елімізде полоны дамыту туралы ұсыныс түсті. Ат үстінде таяқпен доп қуып жүргендерді теледидардан көзім шалып қалған. Ағылшынның ханзадасы ойнап жүргенін көргендіктен бе, батыстың еріккен аксүйектерінің ойыны шығар деген ой басымда қалыптасып қалған. Сондықтан, онша жақтырмадым. Бірақ бетін қайтармайын деп өзі көрсін, байқасын деп үндемедім. Ол да бірден келіспей: «зерттейін» деп уақыт сұрапты.



бабамыз етіп алатын елміз ғой. Шындыққа саяды негізі. Тіпті өткенде хабарға (*«Айтуға оңай» бағдарламасы — ред*) келген Мекемтас атам: Москва дегенін — Москва



деген бабамыздың аты, Киев — деген біздің «күйеу» деген сөз деп таңқалдырған. Қисынға келеді, негізі. Бірақ бауырымның полоны иемденіп алғысы келгені артық боп көрінді. Содан журналистік сауалдың астына алайын кеп:

— Оған қандай дәлелін бар?
— Атақты Фирдаусидің өзі «Шахнама» дастанында оның тұрандықтардың ойыны екенін жазыпты. Біздің алып бабамыз Ер Тонға (*Афрасиаб*) парсылардың шахын шақыртып, бірге ойнапты. Суреттері де бар. Онда біздің бабаларымыз қалпақпен бейнеленген.
— Ол парсылардың ойыны болуы мүмкін ғой. Одан басқа дәлелін бар ма?
— Оның түркілердің ойыны екенін Махмұд Кашкари мен Жүсіп Баласағұн да жазып кетіпті. Баласағұн бабамыз «Баланы ақылды, білімді етіп тәрбиелеу керек. Ол үшін шахмат пен шөгенді бірдей үйрету керек. Бек, елші, қолбасшылар да шөгента ұста болу керек», — депті.



ДОДА

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



11




— Оныншы ғасырдағы түркілер дегеніміз, өзбектер, ұйғырлар, моңғолдар да болуы мүмкін ғой. Тағы қандай дерегін бар?
— «Құтты білікті» аударған Аскар Егеубаев ұлттық ойынымыз шөгенді тірілту туралы көлемді мақала жазыпты.

ШӨГЕН ДЕ БІЗДІҢ ОЙЫН



— Енді, ол кісі де казак қой. Ұлттық казынамызды молайтуға үлес қосқысы келген шығар.
— Жарайды, әлі сенбей тұрсыз ғой. Бұлар аз болса, Халықаралық Поло федерациясының бас ғимаратында және жеке сайтында: «Полоны алғаш рет Орталық Азияны мекендеген көшпенді елдер ойнаған» деп жазылып тұр. Ал ол көшпенді елдеріміз біз емегенде, кім енді?!
— Өзімізді өзіміз шетелдіктер арқылы мойындап жаман үйренген әдетіміз бар ғой. Осы дәлелді келтіргенде сылқ ете қалдым.




өткізілетін болды. Өзіміздің аттарды ойынға үйрету, балалар мен жасөспірімдерді осы өнерге тегін баулу қолға алынды. Ұлттық құрама жасақталып, халықаралық турнирлерге шыға бастады. Шығып, құр қатысып ғана қоймай казактың жігіттері жеңіске жете бастады.
— Өткенде Талғардың іргесіндегі «Ақбұлақ» кешенінде сол жігіттердің ойынын барып көрдік. Ысылғандары, төселгендері бірден байқалады. Құраманың жартысы көкпаршылар, қалғаны ауылдың балалары екен. «Сынауға шеберсіздер, өздеріңіз ойнауға қалайсыздар», — деген соң өзіміз де ойнап көрдік.
— Ұлттық құраманың жігіттеріне қарсы шығу қайда?! Журналистер мен әртістер боп, үшке-үш ойнадық. Әртістерді «Жау жүрек мың балада» ойнаған Асылхан Төлепов інім бастап шықты. Журналистердің үлкені өзім екенмін. Талайдан бері атқа мінбегеніме қарамастан, ұрысқа өзім бастап шығуыма тура келді. Ойын туралы әсерімді сөзбен жеткізу қиын.
— Бабалардың рухын сезінгілеріңіз келсе — өздеріңіз ойнап көріңіздер!

Бейсен ҚҰРАНБЕК,
журналист

Сайыс

II ойындар 2009 жылдың қазанында Иранда өтуі керек болатын. Алайда ұйымдастырушы ел мәжбүрлі түрде 2010 жылдың сәуіріне ауыстырды. Себебі араб елдері мен Иран арасындағы келіспеушілік өршіп кеткен кез. Ирандықтар «Парсы шығанағы» ұғымын құжат, медальдар басқа да материалдарда пайдаланғаны Сауд Арабиясы мен басқа да араб



мемлекеттеріне ұнамады. Олар Парсы шығанағының орнына «Араб шығанағы» немесе жай ғана «шығанақ» баламасын ұсынған. Ақыры, тараптар ортақ мәмілеге келмеген соң, II ойындар өтпейтін болды.
Осылайша алғашқы ойындар тым қатан түрде өткізіліп, келесісі мүлде өтпей қалған доданың болашағы бұлыңғырлана түскен. Абырой болғанда, III Ислам ынтымақтастық ойындары 2013 жылдың күзінде Индонезияның Палембанг қаласында өтті. «Битке өкпелеп, тонын отқа жакқан» ирандықтар келмей қалды. Ашылу салтанаты өте жұтан түрде өтті. Орталық Азиядан тек түркімендер қатысты. Бұрынғы кеңестік мемлекеттер ішінде Әзірбайжан бар болатын. Бар-жоғы 23 ел қатысқан ойындарды керемет болды деуге әсте болмайды.

Ал Бакуде бәрі керісінше. IV Ислам ойындарына 56 елден 3 мыңға жуық сандақ спорттың 20 түрінен 269 медальді сарапқа салды. Сән-салтанаты келіскен спорт сарайлары мен стадиондардағы ойын ерекше әсер берді. Әзірбайжандар жарыс

Биыл кезекті Ислам ынтымақтастық ойындары төртінші рет өткізіліп отыр. Төртінші дейміз-ау, негізі үшінші рет деп айтуға да болады. Кезекті дода Әзірбайжан астанасы Бакуде жалауын көтерді. Әзірбайжанда өткен дүбірлі дода туралы айтпас бұрын, тарихқа сәл шегініс жасасақ. «Исламиада» аталып жүрген бұл өзі қандай жарыс? «Ислам ынтымақтастық ойындары» деген ресми атауы бар дүбірлі дода Ислам конференциясы ұйымы қолға алған бірегей жоба екенін айта кету ләзім. Иісі мұсылман елдерін біріктіруге күш салмақ болған ұйым 2005 жылы I Ислам ынтымақтастық ойындарын өткізуді Сауд Арабиясының еншісіне берген-ді.

ИСЛАМИАДА ОЙЫНДАРЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

ұйымдастыра біледі. 2015 жылы бұл елде Еуропа ойындары өтті. Жыл сайын Формула-1 автожарысының кезеңі дәл осы жерде дүрілдейді. Басқа да ірілі-ұсақты спорт жарыстарын айрықша дайындықпен өткізетін бауырларымыз бұл жолы да абыройы асқақтаған жарыс жасай білді. Бұл туралы талай доданы түсіріп, сапалы репортаж жасап жүрген әзірбайжандық әріптесіміз Емин Ағаев өз елінде өткен ойындар туралы былайша әңгімелейді: «Менің ойымша, біз ең үздік Ислам ынтымақтастық ойындарын ұйымдастырдық. Барлығы жоғары деңгейде болды. Қай елдің атлетінен сұрамаңыз, бәрінің көңілінен шықты. Бұл әзірбайжан халқының беделінің өсуіне, ел имиджінің жақсаруына септігін тигізгені сөзсіз». Кеудесін кере сөйлеген журналистке әзірбайжан құрамасымен, спортшылардың сыйақысы туралы сұрақ қойдық. «Әзірбайжан ең мықты құрам жасақтады», — деп сөзін сабақтады ол, — «Женімпазға берілетін сыйақы да қомақты. 1-орынға — 100 мың манат немесе 58786 доллар беріледі». Сондай-ақ ол соңғы өзгерісті айта кетуді жөн көрді. Оның айтуынша,

енді бұл ойындарға басқа діндердің өкілдері де қатыса алады. Расында Бакудегі ойындар барысында біз мұны байқадық. Алғашқы ойындарда тек ислам дінін ұстанатын спортшылар қатысқан. Бұл да болса мұсылмандардың өзге дін мен конфессия өкілдеріне деген құрметінен туындаса керек.

Хош, Әзірбайжанға казак спортшылары да барды. Бес қана



спорт түрінен апардық. Оның ішінде 32 атлет 19 жұлде ұтып алды. Оның екеуі — алтын, бесеуі — күміс, қалғаны қола. Қос алтынды боксшылар — Азат Махметов пен Тұрсынбай Құлахмет еншілесе, Айнұр Есбергенова,



Әлімжан Серікбаев сынды таэквондошылар, еркін күрес балуандары — Жандос Исмаилов, Дәулет Шабанбай және әйелдер күресіне қатысқан Жәмілә Бакбергеновалар 5 күмісті қоржынға салды.

Колаға қол созғандар дзюдошы — Гүлдана Әлмұханбетова, Еламан Ерғалиев, таэквондошы — Жансел Дениз, боксшылар — Қуан Қуатов, Сұлтан Зәуірбек, Илья Очкин, еркін күрестен — Әділет Дауланбаев, Илия Жұмай, Болат Сакаев, Мамед Ибрагимов, әйелдер күресінен — Айгүл Нұралым және Зарина Күнқараева. Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясының баспасөз хатшысы әріптесіміз Ардақ Тоғымов 10 күн бойы отандық спортшылардың басы-қасында жүріп, ойындардың куәсі болған еді. Оның айтуынша, өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған додадан аларымыз көп. Ол «Жарыстың 5 түрінен ғана спортшылар апарсақ та, нәтиже жаман емес, оған өздеріңіз де куәсіздер. Өйткені көптеген құрамалар өздерінің негізгі құрамдағы атлеттерін алып келген. Жұлдыз спортшылар да жоқ емес. Өзбектің мықты боксшылары да жүр. Олар үш алтынмен тағы да бокстан жалпыкомандалық есепте

бірінші орын алды. Түркімендердің боксында жаңа серпін болатын сияқты. Себебі атакты ресейлік Александр Лебзяк бас жаттықтырушы. Алаң қожайындары аса мықты деп айтуға болады. Мәселен, 1-2 орынға басынан-ақ таласқан әзірбайжандар мен түріктер 300-ге жуық спортшысын әкеп, жарыстың барлық түріне қатысты Тіпті жарыс иелері кей спорт түрлеріне екі құрамасын жіберіпті. Дзюдо финалында бір салмақта екі әзірбайжан таласты. Тағы

бір айта кетерлігі, әзірбайжандық сияқты сыйақы мөлшерін қомақты ету де спортшыларды ынталандыратыны сөзсіз. Бізді олимпиадалық қалашыққа орналастырды. Онда барлық жағдай жасалған», — дейді.

Сонымен, турнирлік кесте бойынша, медальдар саны жөнінен Әзірбайжан бірінші, Түркия — екінші, Иран үшінші орынға табан тіреді. Қазақстан әлгі жұлделерімен 14-орынды місе тұтты. Көршілес өзбектер төртінші орыннан көріне білді.

Сөз соңында айтарымыз, ендігі жерде Ислам ынтымақтастық ойындарын екінші деңгейлі турнир деп қарамай, негізгі құрам мен спортшыларды мейлінше көп жіберген еліміздің спортшылары үшін дұрыс болатын сияқты. Биылғы ойындарға 54 мемлекеттің қатысуы көп нәрсені аңғартса керек. Әзірбайжан тың серпін берген жарыс келесі жолы Түркияда өтеді. Жағрафиясы ауқымды бола бастаған ойындарда топ жару да қиындай түсетін сайыстың деңгейі де жоғарылайтыны сөзсіз. Ендеше, спортқа бей-жай қарамайтын Қазақстан Түркияда топ жаруды міндет ету керек деп ойлаймыз.

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ

ТАНЫН

3 Халқымызда киелі саналатын бір шоғыр сан бар. Ондай сандар тілімізде де сақталған. Қазақ ұғымындағы киелі сандардың қатарына үш, бес, жеті, тоғыз сияқты онға дейінгі тақ сандар жатады. Әр мәдениетте өзіндік сандар символикасы бар. Және сол сандарда сол мәдениеттің өзіне тән сенімі, әдет-ғұрпы, өмірлік дүние-танымы туралы ерекше ұғым бедерленген. Соның ішінде қазақ мәдениетінде 3, 7, 9, 40, 13 сандары ерекше мәнге ие болып есептеледі.

3

Түркі халықтарында, соның ішінде қазақ халқында қасиеті сан болып есептеледі. Мысалы: «үш би», «үш бәйтерек», «үш артық», «үш жамандық» – деген сияқты. Халқымыз әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген. Сондай-ақ әр санды орнына, маңызына қарай қолданған. Әр санның мақсаты мен мағынасы болатынын сезген, түйсінген.

7

Көшпенді қазақ мәдениеті үшін өте қастерлі сан. Жеті санымен байланыстырылып айтылатын ұғым дәстүрімізде де, тілдік мәдениетімізде де көп сақталған. Соның бірі – жеті амал. Жеті амалға табиғат құбылыстарын жатқызады. Одан кейін, «жеті ғашықты» айтамыз. «Жеті жарғы» деген Атазаңымыз тағы бар. Жеті санымен бірге айтылатын сөздің тағы бірі – «Жеті жетім», «Жеті жоқ» деген сөздер бар. «Жеті қазына», «Жеті мүше», «Жеті тылсым», «Жеті жұт» сияқты тілімізде, қазақтың тұрмыс-салтында сақталған әдет-ғұрыптық атаулар өте көп.

40

Бұл сан араб мәдениетімен, дінмен байланысты енген. Сондықтан халқымыз: «Тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «Тоғыз әйелдің толғағы бір күнде келіпті», «Тоғыз жолдың торабы», «Тоғыз қабат торқа қию», «Бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз (құдалықта орыңдалатын дәстүр) сияқты сөздер тегін шыққан болу керек.

9

Қазақ мәдениетінде құдіретті сан. Қырықтың басқа сандардан ерекшелігі – «оның соқралдық мәні шамандықтардан бастау алады» – деген зерттеу бар. Өйткені, шамандық сенім бойынша, адамды қырық күн бойы емдеу, қырық түрлі шөпті араластырып жасаған дәрі ішкізу, оны қырық күн бойы ішу деген сияқты ислам дініне дейін 40 санына деген сенім мәдениетімізге тастай сіңген.

12

Сандар әлемінде қытай мәдениетінен енген бір дүние бар. Ол – «он екілік жүйе». Қытайлар ерте ғасырларда «он екілік жүйені» қазақтарға ұзатқан қыздарымен бірге сыйлаған. Қазіргі бүкіл әлем қолданып жүрген бір жылдағы он екі айлық жүйе, сағаттағы «он екілік жүйе» – міне, осы.

АЙЫЗ

Он жыл мектеп мектеп партиясында...

Жұлыз ЖҰМАШЕВА, мәдениеттанушы

Бүгінде біріміз – экономист, қаржыгер, мұғалім, есепші, бірі – кітапханашы, жеке кәсіпкер, шекарашы, енді біреулері ішкі істер органдарында қызмет етіп, өмірден шын мәнінде, өз орындарын тапқан кәсіби мамандар. Жаксы адам болып қалыптасуымызға апайларымыз – Айтжамал, Нұрша, Раушан, Айжан, ағайларымыз – Жақан, Жайлаубек, Әкпаржан, Тілеухан сынды білікті мұғалімдеріміздің сіңірген еңбегі зор. Біз осындай ұлағатты ұстаздардан сабақ алғанымызды мақтан етеміз. Жиырма жылдық кездесу қарсаңында аяулы ұстаздарымызға алғыс айтамыз!

Досым МӘТЕНОВ

«Жас казак» ұжымы журналистика ардагері

Алтысбай ШЫМЫРБАЙҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

«Оңтүстік Қазақстан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ қызметкері Мелісбек Қожабековке анасы

Орынкүл ШАРДАРБЕКҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Ағайын-тумалары

Қасиетті Рамазан!

2017 1438 hijeri

Алматы қаласының Ораза және Намаз кестесі:

Күні	Һижри күнтізбе	Апта күні	Таң	Күн	Бесін	Екінті	Шам (ауыз ашар)	Құптан
27.05.2017	1 Рамазан	Сенбі	3:36	5:15	12:53	18:07	20:24	22:04
28.05.2017	2 Рамазан	Жексенбі	3:35	5:15	12:53	18:07	20:25	22:05
29.05.2017	3 Рамазан	Дүйсенбі	3:34	5:14	12:53	18:08	20:26	22:07
30.05.2017	4 Рамазан	Сейсенбі	3:33	5:13	12:53	18:08	20:27	22:08
31.05.2017	5 Рамазан	Сәрсенбі	3:32	5:13	12:53	18:09	20:28	22:09
01.06.2017	6 Рамазан	Бейсенбі	3:31	5:12	12:53	18:09	20:29	22:10
02.06.2017	7 Рамазан	Жұма	3:30	5:12	12:53	18:10	20:29	22:11
03.06.2017	8 Рамазан	Сенбі	3:29	5:11	12:54	18:10	20:30	22:13
04.06.2017	9 Рамазан	Жексенбі	3:28	5:11	12:54	18:11	20:31	22:14
05.06.2017	10 Рамазан	Дүйсенбі	3:28	5:11	12:54	18:11	20:32	22:15
06.06.2017	11 Рамазан	Сейсенбі	3:27	5:10	12:54	18:12	20:32	22:16
07.06.2017	12 Рамазан	Сәрсенбі	3:26	5:10	12:54	18:12	20:33	22:17
08.06.2017	13 Рамазан	Бейсенбі	3:26	5:10	12:54	18:12	20:34	22:18
09.06.2017	14 Рамазан	Жұма	3:25	5:09	12:55	18:13	20:34	22:18
10.06.2017	15 Рамазан	Сенбі	3:25	5:09	12:55	18:13	20:35	22:19
11.06.2017	16 Рамазан	Жексенбі	3:24	5:09	12:55	18:14	20:35	22:20
12.06.2017	17 Рамазан	Дүйсенбі	3:24	5:09	12:55	18:14	20:36	22:21
13.06.2017	18 Рамазан	Сейсенбі	3:24	5:09	12:55	18:14	20:36	22:21
14.06.2017	19 Рамазан	Сәрсенбі	3:23	5:09	12:56	18:15	20:37	22:22
15.06.2017	20 Рамазан	Бейсенбі	3:23	5:09	12:56	18:15	20:37	22:23
16.06.2017	21 Рамазан	Жұма	3:23	5:09	12:56	18:15	20:38	22:23
17.06.2017	22 Рамазан	Сенбі	3:23	5:09	12:56	18:16	20:38	22:24
18.06.2017	23 Рамазан	Жексенбі	3:23	5:09	12:57	18:16	20:38	22:24
19.06.2017	24 Рамазан	Дүйсенбі	3:23	5:09	12:57	18:16	20:39	22:24
20.06.2017	25 Рамазан	Сейсенбі	3:23	5:09	12:57	18:16	20:39	22:25
21.06.2017	26 Рамазан	Сәрсенбі	3:23	5:09	12:57	18:17	20:39	22:25
22.06.2017	27 Рамазан	Бейсенбі	3:24	5:10	12:57	18:17	20:39	22:25
23.06.2017	28 Рамазан	Жұма	3:24	5:10	12:58	18:17	20:39	22:25
24.06.2017	29 Рамазан	Сенбі	3:24	5:10	12:58	18:17	20:39	22:25

ЕСКЕРТУ:

БИБІЛ ЯНИ 2017 ЖЫЛЫ МҮСЫЛМАҢДЫҚ АЙ КҮНТІЗБЕСІ БОЙЫНША ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ 29 КҮН

1. СӘРСІН ІШУ ТАҢ НАМАЗЫНЫҢ КІРҮНЕ 10 МИНУТ ҚАЛҒАНДА ТӨКТАТЫЛАДЫ.

2. АУЫЗДЫ АҚШАМ НАМАЗЫНЫҢ УАҚЫТЫ БОЛАСЫМЕН ҚҰРМАҢНЕН НЕМЕСЕ СҮМЕН ЖӘНЕ Т.Б. ЖЕМІСПЕН ДА АШУҒА БОЛАДЫ.

3. ТАБАУЫҚ НАМАЗЫ ҚҰПТАН НАМАЗЫНАН КЕЙІН ОҚЫЛАДЫ, АЛ УТІР-ҰЖІП НАМАЗЫ ҰН СОҢЫНАН ЖАМАҒАТПЕН ОҚЫЛАДЫ.

4. ПІТР САДАҚАНЫ РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСЫНАН АЙТ НАМАЗЫНА ДЕЙІН БЕРҮГЕ БОЛАДЫ.

5. МАУСЫМНЫҢ 21-НЕН 22-НЕ ҚАРАҒАН ТҮН ҚАСИЕТТІ «ҚАДІР ТҮНІ».

6. ОРАЗА АЙТ МАУСЫМ АЙЫНЫҢ 25-І (ЖЕКСЕНБІ) БАСТАЛАДЫ.

7. ОРАЗАҒА НИЕТ: АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ РАЗЫЛАҒЫҒЫ ҮШІН ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БІР КҮНДІК ОРАЗАСЫН ТАҢ АТҚАННАН КҮН БАТҚАНҒА ДЕЙІН УСТАУҒА НИЕТ ЕТІМІ.

8. АУЫЗ АШАР АУАҒЫ: ЖАРАТҚАН ИЕМ! СЕНІҢ РАЗЫЛАҒЫҢ ҮШІН ОРАЗА УСТАДЫМ, САҒАН ИМАН КЕЛТІРАМ, САҒАН ТӨУЕКЕЛ ЕТІМ. СЕН БЕРГЕН РИЗЫҚ-НЕСІБЕРІМЕН АУЫЗ АШТЫМ. ҰА, КЕШІРІМА! АЛЛА МЕНІҢ АЛАМҒЫ ЖӘНЕ СОҢҒЫ КҮН-КЕМШІЛІКТЕРІМДІ КЕШІРЕ КӨР!»

ҚАЗАҢНА

Ұлы дала ойындары

Алып шаһар Алматы қаласының орталық ипподромында ұлттық спорт түрлерінен «Ұлы дала ойындары» атты республикалық фестивалі өтті. «Спорттық Алматы» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған сайыста 600 спортшы бағын сынады. Дүбірлі дода спорттың 12 түрі бойынша өтті. Оның ішінде 4 шақырымдық тай жарысы, 7 шақырымдық құнан бөйге, 13 шақырымдық топ бөйге, жайдақ бөйгелер, 21 шақырымдық аламан бөйге, көкпар, аударыспақ, төңге ілу, тоғызқұмалақ, асық ату, жамбы ату, қазақ күресі бар.

Директор – Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ – Астана қаласындағы меншікті тілші

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ – арнаулы тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ – web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміші

Мехмет СЕМЕРЖИ – фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қуаныш ТҮНҒАТАР – Алматы облысы (8 702 952 88 17)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары

Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2117; Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.